

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
2026 жылғы 8 сәуірдегі
№ДЗГЗ-01-ДЗ/15181
хатымен келісілді

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамының
Басқарма шешімімен
анықталған
2026 жыл « 16 » сәуірге
(№ 11 хаттама)

Деректерді электрондық дүкенмен біріктіруді қамтамасыз ету үшін электрондық сауда алаңдарына қойылатын талаптар

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Электрондық дүкеннің деректерін біріктіруін қамтамасыз ету үшін электрондық сауда алаңдарына Талаптар (бұдан әрі – Талаптар) Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 3-бабының 35) тармақшасына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» заңына, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына, «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамның жарғысына сәйкес әзірленді (бұдан әрі – Қоғам) және электрондық дүкеннің тестілік сервистеріне және өнімді ортасына қосылу үшін электрондық сауда алаңдарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ электрондық сауда алаңдарын электрондық дүкенге қосу тәртібін айқындайды.

2. Электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алу жылдық көлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспайтын біртекті тауарларға жүргізіледі.

2 тарау. Анықтамалар мен қысқартулар

3. Осы Талаптарда мынадай негізгі анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) мемлекеттік сатып алу (бұдан әрі – МСА) – тапсырыс берушілердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан бөлінген ақшаны ішінара және (немесе) өз кірістерін бюджет қаражаты есебінен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді толық сатып алуы;

2) мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – Бірыңғай оператор) - мемлекет акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалғыз меншік иесі болып табылатын, мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган айқындаған заңды тұлға («Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы);

3) бірінші басшы - Қоғамның Басқарма төрағасы не оның міндетін атқарушы өзге де тұлға;

4) сатып алудың бірыңғай платформасы (бұдан әрі – веб-портал) – мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесі, ол мемлекеттік сатып алудың және "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынады;

5) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермегенін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі;

6) тапсырыс берушілер – мүліктік кешендер ретіндегі мемлекеттік кәсіпорындарды, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес, кейіннен сатып алу құқығымен жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сенімгерлік басқаруға берілген заңды тұлғаларды қоспағанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;

7) әлеуетті өнім беруші – Заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум), сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға;

8) электрондық тауарлар каталогы (бұдан әрі – ЭТК) – тауарлар туралы деректердің ұлттық тіркелімі, сондай-ақ тауарлар номенклатурасының бірыңғай көзі болып табылатын және сауда қызметінде тауарлардың анықтамалығы ретінде пайдалануға міндетті «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісі.

9) электрондық дүкен (бұдан әрі – ЭД) - осы Талаптарға сәйкес келетін электрондық сауда алаңдарында орналасқан деректерді агрегациялауды қамтамасыз ететін веб-порталдың кіші жүйесі;

10) электрондық сауда алаңы (бұдан әрі – ЭСА/сауда алаңы) – уәкілетті органмен келісім бойынша бірыңғай оператор айқындайтын талаптарға сәйкес келетін, сатып алуға қатысушыларға электрондық дүкен арқылы веб-порталдың қызметтеріне қолжеткізуді ұсынатын мемлекеттік емес ақпараттық жүйе;

11) жеке кабинет – мемлекеттік сатып алу рәсімдерін, сатып алуға қатысуларын, сондай-ақ веб-порталда орналастырылған автоматтық хабарламалар мен мәліметтерді алуды жүзеге асыруға арналған пайдаланушының веб-порталдағы автоматтандырылған жұмыс орны;

12) пайдаланушы - электрондық сауда алаңында тіркеуден өткен тапсырыс берушінің немесе мемлекеттік сатып алудың әлеуетті өнім берушісінің өкілі;

13) екі факторлы аутентификация - қорғаудың неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін сервисте деректердің екі түрлі түрін ұсыну арқылы пайдаланушыны сәйкестендіру процесі;

14) сауда алаңының байланыс орталығы (бұдан әрі - Байланыс орталығы) – пайдаланушылар мәселелері бойынша ақпараттық-анықтамалық қолдауды жүзеге асыратын сауда алаңының диспетчерлік қызметі;

15) инциденттің бірегей сәйкестендіргіші – пайдаланушылардың өтініштерін есепке алу жөніндегі ақпараттық жүйеге берілетін бірегей нөмір;

16) электрондық сауда алаңының меншік иесі (бұдан әрі – ЭСА меншік иесі/сауда алаңының меншік иесі) - Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шектерде және тәртіппен сауда алаңын иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарына ие жеке және заңды тұлға;

17) Электрондық дүкеннің өнімді ортасы - тәжірибелік/өнеркәсіптік пайдалану үшін ақпаратты тиімді өңдеуге, сақтауға және беруге мүмкіндік беретін өзара байланысты компоненттердің (аппараттық-бағдарламалық кешен, бағдарламалық қамтамасыз ету, деректер) жиынтығын қамтитын электрондық дүкен жүйесі;

18) KZTIN-тауарды тіркеу туралы өтінім мақұлданғаннан кейін веб-порталда ЭТК берілетін бірегей код;

19) жоспарлы-профилактикалық жұмыстар - бөлшектердің, механизмдердің, тораптардың және жабдықтардың мерзімінен бұрын тозуының алдын алуға, оны жұмыс жағдайында ұстауға бағытталған техникалық қызмет көрсетуді жүргізу процесі;

20) «электрондық үкімет» - мемлекеттік функцияларды автоматтандыруға және оңтайландыруға негізделген, сондай-ақ электрондық нысанда қызметтер көрсетуге арналған мемлекеттік органдардың өзара және жеке және заңды тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимыл жүйесі;

21) электрондық үкіметтің сыртқы шлюзі (бұдан әрі – ЭҰСШ) - мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасындағы ақпараттық жүйелердің мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасынан тыс орналасқан ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған «электрондық үкімет» шлюзінің кіші жүйесі;

22) өтініш беруші - сауда алаңының меншік иесі болып табылатын, электрондық дүкеннің тестілік сервистеріне қосылуға өтініш, сондай-ақ осы Талаптарға сәйкес электрондық дүкеннің өнімді ортасына қосылуға өтінім беретін жеке немесе заңды тұлға;

23) Тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалар дерекқоры (бұдан әрі – бағалар дерекқоры) - сатып алудың бірыңғай платформасының бөлігі болып табылатын, баға ақпаратын автоматтандырылған жинау және талдау мүмкіндігін беретін ақпараттық кіші жүйе, бұл инфляцияны және медианалық бағаны қоса алғанда, экономикалық факторларды ескере отырып, тауарларға

жоспарлы бағаны қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл бюджетті жоспарлауда дәлдік пен негізділікті арттырады;

24) бенефициарлық меншік иесі – бұл:

клиенттің – заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі;

клиентті өзгеше түрде бақылауды жүзеге асыратын;

оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға.

Қазақстан Республикасының резиденті ғана ЭСА-ның меншік иесі, оның құрылтайшысы (қатысушысы), оның ішінде тікелей немесе жанама құрылтайшысы (қатысушысы) немесе бенефициарлық меншік иесі бола алады

3-тарау. Комиссия құру және жұмыс істеу тәртібі

4. Сауда алаңын электрондық дүкенге қосу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында Бірыңғай оператор тұрақты жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

5. Комиссия алқалы орган болып табылады, оның құрамы бірінші басшының бұйрығымен бекітіледі. Комиссия тақ санды құрайды және кемінде 5 (бес) адамнан тұруы керек. Комиссияны Қоғамның лауазымды адамы болып табылатын Төраға басқарады, Комиссия құрамына Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері және «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының өкілі (келісім бойынша) кіреді. Комиссия құрамына мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органның өкілдері шақырылуы мүмкін.

6. Комиссияның жұмысын Бірыңғай оператор ұйымдастырады. Қоғам істерінің номенклатурасына сәйкес күн тәртібін қалыптастырады, отырыстардың хаттамаларын ресімдейді, отырыстардың хаттамаларын және өзге де материалдарды істе сақтауды ұйымдастырады.

7. Комиссияның міндеттері:

1) сауда алаңының осы талаптарға сәйкестігіне сынақтар жүргізу туралы шешім қабылдау;

2) сауда алаңдарын электрондық дүкенге қосу және электрондық дүкенге қосылған сауда алаңдарының тізіміне енгізу туралы шешім қабылдау;

3) міндетті түрде дәлелді жауап бере отырып, сауда алаңдарын электрондық дүкенге қосудан бас тарту туралы шешім қабылдау болып табылады.

8. Комиссия төрағасы болып бірінші басшының орынбасарынан төмен емес тұлға айқындалады. Комиссия төрағасы болмаған жағдайда, оның функциялары оның міндетін атқарушы тұлғаға жүктеледі.

9. Комиссияның жұмысы отырыс нысанында жүзеге асырылады және электрондық дүкенге қосылу үшін келіп түскен ЭСА меншік иелерінің өтінімдерін қарау үшін жүргізіледі.

10. Комиссия отырысын өткізу үшін кворум комиссия мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.

11. Комиссия отырысында бірыңғай оператордың атына қажетті материалдармен және құжаттармен келіп түскен ЭСА меншік иелерінің өтінімдері қаралады.

12. Келіп түскен бір өтінімнің болуы оны Комиссияның қарауына және шешім қабылдауына кедергі келтірмейді.

13. Комиссия шешімдері Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

14. Талқылау нәтижелері және Комиссия отырысында қабылданған шешімдер отырыс өткізілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей отырыс хаттамасы түрінде ресімделеді. Отырыс хаттамасын дайындауды және ресімдеуді Бірыңғай оператор жүзеге асырады. Отырыстардың хаттамаларына Төраға, дауыс беруге қатысқан Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

15. Комиссия отырысының хаттамасы бірыңғай оператордың веб-сайтында орналастырылады.

4-тарау. Комиссия мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

16. Комиссия мүшелері:

1) Комиссия отырысының материалдарымен және құжаттарымен танысуға;

2) талқыланатын мәселе бойынша ерекше пікір білдіруге;

3) ЭСА меншік иелерінің өтінімдерінде көрсетілген ақпаратты растау үшін Бірыңғай оператор арқылы уәкілетті мемлекеттік органдарға және өзге де ұйымдарға сұрау салуларды жүзеге асыруға құқылы.

17. Комиссия мүшелері Комиссия отырыстарына қатысуға және комиссия отырыстарының күн тәртібіндегі талқыланатын мәселелер бойынша дауыс беру арқылы Комиссия шешімдерін қабылдауға қатысуға міндетті.

5-тарау. Қосылу тәртібі

18. Бірыңғай оператор веб-порталда электрондық дүкенге қосылу үшін осы Талаптар туралы ақпаратты орналастырады.

19. ЭСА меншік иелері (өтініш берушілер) осы Талаптарға 1-қосымшада көрсетілген нысан бойынша өтініш береді, сондай-ақ ЭД **тестілік сервистеріне** және веб-порталдың аралас кіші жүйелеріне **қосу үшін** Бірыңғай оператордың атына осы Талаптардың 7-тарауының 30-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады.

20. Бірыңғай оператор ЭСА меншік иелерінің өтінішін келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде қарайды және өтініш берушінің сауда алаңын электрондық дүкеннің **тестілік сервистеріне** және веб-порталдың аралас кіші жүйелеріне қосылуға рұқсат береді.

21. Өтініш беруші 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде сауда алаңын тестілік сервистерге қосуды жүзеге асырады, осы Талаптардың орындалуын қамтамасыз ете отырып, ЭСА жұмысын баптау мен тестілеуді жүргізеді және 2-

қосымшада көрсетілген нысан бойынша өтінім береді, сондай-ақ осы Талаптардың 28 және 31-тармақтарына сәйкес ЭД өнімді ортасына қосылуға құжаттарды ұсынады.

22. Осы Талаптарға 2-қосымшада көрсетілген нысан бойынша ресімделген, ЭСА меншік иесінен комиссия қарауына шығарылғанға дейін келіп түскен өтінімді мынадай жағдайларда Бірыңғай оператор қабылдамауға тиіс:

1) Егер осы Талаптардың 30-тармағына сәйкес құжаттардың толық пакеті ұсынылмаса;

2) осы Талаптардың 3-қосымшасына сәйкес растайтын құжаттар мен материалдар болмаған жағдайларда жүзеге асырылады.

Осы Талаптарға 2-қосымшада көрсетілген нысан бойынша ЭД өнімді ортасына қосылуға өтінімді қайта беру үшін өтінім беруші (немесе ЭСА меншік иесі) белгіленген ескертулерді жояды.

23. Бірыңғай оператор осы Талаптарға 2-қосымшада көрсетілген нысан бойынша өтінімді алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде өтінім көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда электрондық дүкенге қосылуға ЭСА меншік иесінен комиссия отырысын өткізуді қамтамасыз етеді. Ол үшін бірыңғай оператор комиссия мүшелерін отырыстың күн тәртібі, күні мен уақыты туралы алдын ала хабардар етеді, сондай-ақ оларға өтінімге қоса берілген материалдар мен құжаттарды ұсынады.

24. Комиссия өтінім беруші ұсынған құжаттарды тексереді және сауда алаңының талаптарға сәйкестігіне сынақтар жүргізу туралы шешім қабылданған жағдайда, өтінім келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде сынақтар өткізу күні мен уақытын (жұмыс күндері мен уақытында) белгілейді. Сынақтарды өткізу күні комиссия сауда алаңының Талаптарға сәйкестігіне сынақтар жүргізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей тағайындалады.

Егер өтініш берушінің ұсынылған құжаттары осы Талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Комиссия отырыс хаттамасында сәйкессіздіктерді көрсетеді және бұл жағдайда сынақ күні белгіленбейді. Өтініш беруші отырыс хаттамасына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде анықталған ескертулерді сәйкестікке келтіруге және осы Талаптарға 2-қосымшада көрсетілген нысан бойынша электрондық дүкеннің өнімді ортасына қосылуға өтінімді қайта беруге құқылы.

25. Өтініш беруші мен Комиссия белгіленген күн мен уақытта сауда алаңының талаптарға сәйкестігіне сынақтар жүргізеді. Сынақтардан сәтті өткен жағдайда өтініш беруші мен Комиссия мүшелері 3 (үш) жұмыс күні ішінде сынақ хаттамасына қол қояды.

26. Сынақтардан және қол қойылған сынақ хаттамасынан өткеннен кейін Комиссия сауда алаңын электрондық дүкенге қосу және оны сауда алаңдарының тізіміне енгізу туралы шешім қабылдайды не сауда алаңы осы талаптарға сәйкес келмеген жағдайда сауда алаңын электрондық дүкенге қосудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Комиссия сауда алаңын электрондық дүкенге қосу және оны сауда алаңдарының тізіміне енгізу туралы шешім қабылдаған жағдайда, ЭСА меншік

иесі Бірыңғай оператормен осы талаптарға 8 – қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық дүкенді пайдалану шарттарын сақтау туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) электрондық түрде қол қояды.

27. Бірыңғай оператор комиссия сауда алаңын электрондық дүкенге қосу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде сауда алаңын электрондық дүкеннің өнімді ортасына қосуды және жасалған (қол қойылған) келісімді қамтамасыз етеді.

6-тарау. Электрондық дүкеннің өнімді ортасына қосылу бойынша сауда алаңының меншік иесінің өтінімінің мазмұны

28. ЭСА меншік иесі бірыңғай операторға сауда алаңынан Интернет-ресурсқа сілтеме ұсынады, сондай-ақ қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде мынадай құжаттарды жібереді:

- осы Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша өтінім жасау;

- авторлық құқық немесе сауда алаңын иелену құқығын растайтын басқа құжат;

- осы Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес сауда алаңына қойылатын талаптарды растайтын құжаттар (сауда алаңының жобалау-техникалық құжаттамасы және өзге де материалдар);

- тауар сауда алаңын пайдаланғаны үшін оның қатысушылары (әлеуетті өнім берушілері) үшін сауда алаңында қолданылатын тарифтер. Мемлекеттік сатып алуға тапсырыс берушілер үшін сауда алаңын пайдаланғаны үшін комиссия алуға жол берілмейді;

- құрылтайшылардың (қатысушылардың), жанама құрылтайшылардың (қатысушылардың), бенефициарлық меншік иелерінің құрамы туралы ақпараттық хат:

жеке кәсіпкерлер үшін – жеке кәсіпкер болып табылатын адамның қолданыстағы жеке куәлігі немесе Қазақстан Республикасының паспорты;

жеке кәсіпкерді қоспағанда, заңды тұлға үшін – өтінім беретін заңды тұлғаны (электрондық сауда алаңының меншік иесін) тікелей немесе жанама иеленетін барлық түпкілікті бенефициарлар бойынша ақпарат ұсынылады;

жауапкершілігі шектеулі серіктестік үшін – құрылтайшылар (қатысушылар) туралы деректерді қамтитын, өтінім берілгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей берілген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, сондай-ақ қатысушылардың (құрылтайшылардың) үлестерін растайтын құжаттар;

акционерлік қоғам үшін – өтінім берілгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей берілген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесінен жеке шоттан үзінді көшірме, сондай-ақ қатысушылардың (құрылтайшылардың) үлесін растайтын құжаттар;

Заңды тұлғалар өтінім беретін заңды тұлғаның тікелей құрылтайшыларында (қатысушыларында) немесе оның тікелей немесе жанама құрылтайшыларында

(қатысушыларында) болған жағдайда, осындай құжаттар соңғы бенефициарлық меншік иесі ашылғанға дейін осындай құрылтайшылар бойынша ұсынылады.

Резидент еместердің заңды тұлғалары өтінім беретін заңды тұлғаның құрылтайшыларында (қатысушыларында) немесе оның тікелей немесе жанама құрылтайшыларында (қатысушыларында) болған жағдайда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне ресми аудармасымен расталған тиісті елдердің ұқсас құжаттары түпкілікті бенефициарлық меншік иесі ашылғанға дейін осындай құрылтайшылар бойынша ұсынылады. Бұл ретте құжаттар жарамды болуы және өтінім берілген күні берілуі тиіс.

заңды тұлғаның үлесін тікелей немесе жанама иеленетін жеке тұлғаның түпкі бенефициары үшін – қолданыстағы жеке куәлік немесе Қазақстан Республикасының паспорты.

29. Сауда алаңының осы Талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер ашық және жалпыға қолжетімді болып табылады және Бірыңғай оператор веб-порталдағы «Электрондық дүкен» бөлімінде жариялайды.

Өтінім болған жағдайда (ЭД өнімді ортасына қосылуға) меншік иесі мемлекеттік кәсіпорын, мемлекеттік мекеме, заңды тұлға болып табылатын ЭСА-дан берілген дауыс беретін акциялардың елу және одан да көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлестерін), сондай-ақ олармен аффилиирленген тұлғаларға тікелей немесе жанама тиесілі болса, онда мұндай өтінім меншік иелері жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын өнімді ортаға қосылған кемінде екі ЭД және қолданыстағы ЭСА болған жағдайда қабылданбауға жатады.

7-тарау. Сауда алаңдарының иелеріне электрондық дүкеннің тестілік сервистеріне қосылу үшін қойылатын Талаптар

30. ЭСА меншік иесінен талап етілетін құжаттар:

- 1) Сауда алаңының ақпараттық жүйесіне техникалық тапсырма;
- 2) бірыңғай оператор мен ЭСА меншік иесі арасында жасалған (қол қойылған) құпиялылық туралы келісім;
- 3) авторлық құқық не сауда алаңын иелену құқығын растайтын өзге де құжат;
- 4) жүйенің электрондық сауда алаңына қойылатын функционалдық талаптарға сәйкестігін сипаттау.

8 тарау. Сауда алаңдарының иелеріне электрондық дүкеннің өнімді ортасына қосылу үшін қойылатын Талаптар

31. ЭСА меншік иесінен қажетті құжаттар:

- 1) осы талаптарға 9-тарауға және 3-қосымшаға сәйкес сауда алаңына қойылатын техникалық және функционалдық талаптарға ЭСА сәйкестігін растай отырып, осы Талаптарға 2-қосымшада көрсетілген нысан бойынша өтінім;
- 2) өтініш беруші мен Бірыңғай оператор комиссиясы осы Талаптардың 10-тарауына және 4-қосымшасына сәйкес қол қойған сынақтар хаттамасы;
- 3) сауда алаңын өнеркәсіптік пайдалануға беру актісі.

9 тарау. Сауда алаңына техникалық және функционалдық Талаптар

32. Сауда алаңына қойылатын техникалық және функционалдық талаптар, оның ішінде: пайдаланушы интерфейстеріне, авторизацияға және жеке кабинетке, Тапсырыс беруші мен әлеуетті өнім берушінің функционалдығына қойылатын талаптар осы Талаптардың 3-қосымшада келтірілген.

10 тарау. Интеграция бойынша Талаптар

33. Сауда алаңының веб-порталдың (ЭТК, ЭД) кіші жүйелерімен ақпараттық өзара іс-қимылы құпия ақпараттың берілетін деректерінің құрамында болмаған кезде электрондық үкіметтің сыртқы шлюзі арқылы не OpenAPI арқылы («электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларының 3-тармағының 4-тармақшасына сәйкес (Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің м. а. 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығы) жүзеге асырылуы мүмкін.

34. ЭСА веб-порталмен интеграциялануы бойынша Талаптар, сондай-ақ электрондық дүкенге қосылғаннан кейін Сауда алаңының байланыс орталығының операторына және сауда алаңының өзіне қойылатын талаптар осы Талаптардың 4-қосымшада келтірілген.

11 тарау. Тауарларға бағаларды баға дерекқорына беру бөлігінде интеграциялау бойынша сауда алаңдарының иелеріне қойылатын Талаптар

35. ЭСА иелері тауарлардың бағалары туралы мәліметтерді аптасына кемінде бір рет кезеңділікпен бағалар дерекқорына беруге тиіс.

36. Деректерді беру осы Талаптарға 5-қосымшада келтірілген баға дерекқорының API өрістерінің техникалық талаптары мен сипаттамасына сәйкес жүзеге асырылады.

37. Берілетін деректерде тауарлардың бағасы туралы өзекті мәліметтер болуы тиіс, соның ішінде:

1. KZTIN тауар идентификаторы;
2. NTIN тауар идентификаторы;
3. тауардың атауы;
4. Сатушының (қойманың) ЭАОЖ;
5. БСН-тауарды жеткізуші.

38. Деректер берілген мәліметтер құрамында құпия ақпарат болмаған кезде OpenAPI қоса алғанда, көзделген интеграция тетіктері арқылы беріледі.

39. Сауда алаңының тауарларға бағаларды беру бөлігінде баға дерекқорына сұрау салудың мысалы осы Талаптардың 6-қосымшада келтірілген.

12 тарау. Жұмыс істеуге қойылатын жалпы Талаптар

40. Сауда алаңының функционалдығы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының талаптарына сәйкес келуі тиіс (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35238 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 7 қазандағы № 671 бұйрығымен бекітілген Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2024 жылы № 201411 болып тіркелген) (бұдан әрі - ерекше тәртіп) және осы Талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Осы Талаптарға сәйкестігі Өтінім беруші мен Комиссия қол қойған сынақ хаттамасымен расталады.

41. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптары өзгерген кезде, ЭСА меншік иесі Бірыңғай оператормен келісілген мерзімдерде сауда алаңының функционалдығын талаптарға сәйкес келтіреді. Бұл ретте сауда алаңы енгізілген өзгерістерді сынау бөлігінде Бірыңғай оператормен қайта тексеруден өтеді.

42. ЭСА-ның ЭД-не қосқаннан кейін, ЭСА-ның ЭД-мен және әлеуетті өнім берушілермен өзара іс-қимыл процестерін, интеграциялық Сервистерді және ЭСА және ЭД функционалдығын түзету процестерін одан әрі реттеу осы Талаптардың 7-қосымшаға сәйкес электрондық сауда алаңдарының жұмыс істеу регламентімен және олардың электрондық дүкенмен өзара іс-қимылымен реттеледі.

*Деректерді электрондық дүкенмен
біріктіруді қамтамасыз ету үшін
электрондық сауда алаңдарына
қойылатын талаптардың
I - қосымшасы*

Мемлекеттік сатып алу саласындағы Бірыңғай операторға,
«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамына

Өтініш

Электрондық сауда алаңын (бұдан әрі – ЭСА) электрондық дүкеннің
тестілік сервистеріне қосуға:

1. ЭСА меншік иесінің атауы: _____
2. ЭСА меншік иесінің жеке сәйкестендіру/бизнес-сәйкестендіру нөмірі
(ЖСН не БСН) : _____
3. ЭСА меншік иесінің орналасқан жерінің мекенжайы:


4. ЭСА атауы _____
5. Лицензия нөмірі немесе бағдарламалық өнімді сәйкестендірудің өзге
нөмірі (*авторлық құқық не өзге құжат*) _____
6. ЭСА орналасқан жерінің мекенжайы: _____
7. Интернет-ресурстың атауы _____
8. Мен, _____ осы өтініште
көрсетілген деректер ресми болып табылатынын және қоса беріліп отырған
барлық құжаттар жарамды болып табылатынын растаймын.

ЭСА иесі _____

Тегі, Аты, Әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) _____ (колы)

Мөр орны (*қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының
заңнамасына сәйкес*)

Берілген күні мен уақыты: 202_ жылғы «__» _____ «__» сағат. «__» мин.



*Деректерді электрондық дүкенмен
біріктіруді қамтамасыз ету үшін
электрондық сауда алаңдарына
қойылатын талаптардың
2 - қосымшасы*

Мемлекеттік сатып алу саласындағы Бірыңғай операторға,
«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамына

Өтінім

Электрондық сауда алаңын (бұдан әрі – ЭСА) электрондық дүкеннің өнімді ортасына қосуға:

1. ЭСА меншік иесінің атауы: _____
2. ЭСА меншік иесінің жеке сәйкестендіру/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН не БСН): _____
3. ЭСА атауы _____
4. Интернет-ресурстың атауы _____
5. Лицензия нөмірі немесе бағдарламалық өнімді сәйкестендірудің өзге нөмірі (*авторлық құқық не өзге құжат*): _____
6. Техникалық және функционалдық талаптарға сәйкестік кестесі (*Талаптардың 9-тарауында көрсетілген*) және растайтын құжаттар осы Өтінімге 1-қосымшада қоса беріледі.
7. 10-Тарауда көрсетілген интеграциялар бойынша сынақтардың оң хаттамасы осы өтінімге 2-қосымшада қоса беріледі.
8. Талаптардың 6-тарауының 28-тармағына сәйкес құжаттар тізбесі.
9. Мен, _____ осы өтінімде көрсетілген деректер ресми болып табылатынын және қоса беріліп отырған барлық құжаттардың жарамды екенін растаймын.

ЭСА иесі _____

Тегі, Аты, Әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) _____ (колы)

Мөр орны (қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес)


Берілген күні мен уақыты: 202_ жылғы «__» _____ «__» сағат. «__» мин.



*Деректерді электрондық дүкенмен
біріктіруді қамтамасыз ету үшін
электрондық сауда алаңдарына
қойылатын талаптардың
3 - қосымшасы*

Техникалық талаптар

№ р/с	Талаптар	Сәйкестікті растау
1	ЭСА Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы Бірыңғай талаптарға сәйкес серверлерде (меншікті немесе жалға алынатын) орналастырылады.	<i>Талаптарға сәйкестік жабдықты сатып алу не жалға алу шарттарымен расталады</i>
2	Мемлекеттік сатып алудың тапсырыс берушілеріне Мемлекеттік сатып алудың әлеуетті өнім берушілерінің тауарларына қол жеткізу үшін ЭСА бірыңғай Интернет-ресурсына сілтеме	<i>Интернет желісінде қолжетімді IP-мекенжайлары көрсетілген интернет-ресурстың атауы</i>
3	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 3 маусымдағы № 111/НҚ бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілеріне және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне жатқызылған ақпараттық жүйелерге сынақтар жүргізу Қағидаларына сәйкес мемлекеттік техникалық қызмет немесе аккредиттелген сынақ зертханасы берген ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтардың оң хаттамаларының болуы	<i>Ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін сынаудың оң нәтижелері бар сынақтар хаттамасы. Сәйкестік 01.07.2024 жылдан ерте емес алынған сынақтардың оң нәтижелері бар сынақ хаттамаларының болуымен расталады.</i>
4	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ақпараттық қауіпсіздікті ұйымдастыруға қойылатын Талаптардың 2-тарауының 2-параграфының 50-1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы №832	<i>АҚЖО сертификаты немесе лицензиясы не үшінші тұлғалармен ақпараттық қауіпсіздік жедел орталығының</i>



	қаулысымен бекітілген ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды ақпараттандыру мен ақпараттық қауіпсіздікті ұйымдастыруға және басқаруға қойылатын талаптар) сәйкес оның ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығымен өзара іс-қимылын немесе ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығының қызметін үшінші тұлғалардан сатып алуды қамтамасыз ететін меншікті ақпараттық қауіпсіздік жедел орталығын (АҚЖО) құру және оның жұмыс істеуі.	<i>қызметін көрсетуге арналған шарт.</i>
5	ЭСА-да серверлік уақытты синхрондау мекен-жайда орналасқан NTP серверін пайдалану арқылы жүзеге асырылуы керек ntp.nic.kz	<i>Уақыт бойынша синхрондауды көрсету</i>

Функционалдық талаптар

№ р/с	Талаптар	Сәйкестікті растау
1.	Пайдаланушы интерфейстеріне қойылатын талаптар	
1.1	ЭСА интерфейсі ассистивті технологияларды (мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмірі мен әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін технологиялар) теңшей алуы керек.	<i>ЭСА интерфейсінен экран, ЭСА функционалын көрсету</i>
1.2	Мемлекеттік және орыс тілдерінен кем емес пайдаланушы интерфейсінде қолдаудың болуы («Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес). Тілді ауыстырған кезде пайдаланушыға арналған ақпарат таңдалған тілде көрсетілуі керек. ЭСА-да тілдер санын кеңейту көзделуі тиіс.	<i>ЭСА интерфейсінен экран, ЭСА функционалын көрсету</i>
1.3	Пайдаланушыға ЭАОЖ анықтамалығына сәйкес елді мекендер тізімінен елді мекенді таңдауға мүмкіндік беру.	<i>ЭСА интерфейсінен экран, ЭСА функционалын көрсету</i>
1.4	Тауарларды іздеу кезінде ЭСА тауарлар тізімінде – отандық тауарлар үшін айрықша белгіні көрсетуі керек.	<i>ЭСА интерфейсінен экран, ЭСА функционалын көрсету</i>

1.5	ЭСА тауардың кем дегенде 1 бейнесін, сондай-ақ кем дегенде 4 сипаттаманы қамтитын тауарларды көрсетуі керек.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
2	Ұйымның авторизациясы және жеке кабинеті бойынша талаптар	
2.1	ЭСА электрондық дүкеннен қатысушылардың (Тапсырыс беруші, Өнім беруші) рөлдері туралы деректерді алу арқылы қатысушылардың өкілеттіктерін тексере отырып, Мемлекеттік сатып алуға тапсырыс беруші ұйымдарды және Мемлекеттік сатып алуға қатысатын мемлекеттік сатып алудың әлеуетті өнім берушілерін тіркеу функционалына ие болуға тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
2.2	ЭСА-да ЭЦҚ қолдана отырып шартқа қол қоюмен аяқталған әлеуетті өнім берушіні тіркеу туралы мәліметтерді электрондық дүкенге беру функционалы іске асырылуға тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
2.3	ЭСА «Тапсырыс беруші» және «Өнім беруші» рөлдері бар пайдаланушыларды авторизациялау функционалына ие болуы керек. «Әкімші» және (немесе) «модератор» рөлдерімен ЭСА-на қол жеткізудің кеңейтілген құқықтары бар пайдаланушылар үшін авторизация екі факторлы аутентификация функциясының көмегімен жүргізіледі.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
2.4	ЭСА пайдаланушылардың тіркеу деректерін басқару, мәртебелерін, Тапсырыс тарихын қарау жүзеге асырылатын жеке кабинетке қол жеткізу функциясына ие болуы тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
2.5	ЭСА ұйым қызметкерлерінің рөлдерін басқару үшін бір ұйым шеңберінде басқару функциясына ие болуы керек.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
2.6	ЭСА пайдаланушының паролін өзгерту функциясына ие болуы керек.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес тапсырыстар үшін:		
2.7	ЭСА-на тауарларды сатушы ретінде қатысатын пайдаланушылар веб-порталдың тіркелген әлеуетті өнім берушілері болуға және мемлекеттік сатып алуға жосықсыз	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>

	қатысушылардың тізілімінде (бұдан әрі – ЖҚТ) тұрмауға тиіс. Әлеуетті өнім беруші Заңның 7-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес ЖҚТ-ға енгізілген жағдайда, ЭСА оны мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Қағидаларына сәйкес одан әрі мемлекеттік сатып алуға қатысуын шектейді.	
Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес тапсырыстар үшін:		
2.8	Ерекше тәртіп бойынша тапсырыстарға қатысатын пайдаланушылар баға ұсыныстарын «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 7-бабы 1-тармағының 1), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) және 13) тармақшаларында көзделген жағдайларда электрондық дүкенде автоматты түрде қабылдамауға жатады. ЭСА Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес мемлекеттік сатып алуға одан әрі қатысуды шектейді.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> скрин, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
2.9	ЭСА қорытындылар хаттамасын тек жеңімпазға және тапсырыс берушіге ЭСА-да авторизацияланғаннан кейін ғана көрсетуге тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> скрин, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
3.	Тапсырыс берушінің Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес функционалдылығына қойылатын талаптар:	
3.1	ЭСА-да мемлекеттік тапсырыс берушінің жоспар пункттері импортының функционалы іске асырылуға тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
3.2	Мемлекеттік сатып алу үшін тапсырыстарды ресімдеу тек ЭСА тауарларына ғана жүзеге асырылуы тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
3.3	ЭСА тауарларды атаулары, сипаттамалары, өндіріс елі, өндірушісі, отандық тауардың белгісі, тауарларды бағаның өсуі мен төмендеуі бойынша сұрыптау бойынша іздеу сүзгісіне ие болуы тиіс. Тауар туралы ақпаратты көрсету кезінде пайдаланушы таңдаған елді мекен ЭАОЖ коды бойынша ескеріледі.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
3.4	Тауар карточкасында тауар сипаттамасын жүйеленген түрде көрсету, әрбір сипаттама және оның мәні бөлек.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>

3.5	Электрондық дүкен арқылы сатып алуға болатын сатып алу жоспарларын көруге мүмкіндік беру.	ЭСА экран, ЭСА функционалын көрсету
3.6	Сатып алу жоспарынан іздеуге немесе ЭСА-ның тиісті бөліміне(леріне) көшу мүмкіндігін беру.	ЭСА экран, ЭСА функционалын көрсету
3.7	ЭСА-да тапсырыс беруші тауарларды қоса алатын себеттің функционалы іске асырылуы тиіс.	ЭСА экран, ЭСА функционалын көрсету
3.8	ЭСА-да ТҰК бір санатына енгізілген бірнеше тауарларды таңдау және оларға тапсырыс беруші жоспарының бір тармағын бекіту мүмкіндігін көздейтін тапсырысты ресімдеу функционалы іске асырылуға тиіс.	ЭСА экран, ЭСА функционалын көрсету
3.9	ЭСА-да тапсырысты ресімдеу функционалы іске асырылуы тиіс, ол ТҰК-ның бір санатынан бірнеше тауарды таңдауға және олардың әрқайсысына Тапсырыс берушінің жоспарының жеке тармағын байланыстыруға мүмкіндік береді, егер «біріктірілген лот» белгісі таңдалса, әртүрлі тауарлар үшін жоспардың бір тармағын пайдалану мүмкіндігін болдырмайды. Сондай-ақ, біріктірілген лот белгісін таңдаған жағдайда, функционал барлық тауарлар бойынша бір жеңімпазды анықтауды көздеуі керек.	ЭСА экран, ЭСА функционалын көрсету
3.10	ЭСА-да тапсырыс берушінің жоспарының бір тармағына байланысты отандық тауар өндірушінің бірнеше тауарларын таңдау мүмкіндігін көздейтін тапсырысты ресімдеу функционалы іске асырылуы тиіс, оның ұлттық ТЖҚБНА алып қою тізбесіне кіреді.	ЭСА экран, ЭСА функционалын көрсету
3.11	Тапсырысты ресімдеу кезінде ЭСА-да әрбір жеткізу орны бойынша жеткізу мекенжайын толтыру функционалы іске асырылуы тиіс: 1) қабылдаушы тұлғаның Т. А. Ә.; 2) қабылдаушы тұлғаның ұялы немесе қалалық телефоны. Ұялы нөмірді көрсеткен жағдайда, ол SMS-код арқылы расталуы тиіс. 3) көшенің, даңғылдың, шағын ауданның және т. б. атауы; 4) үйдің, пәтердің немесе үй-жайдың нөмірлері.	ЭСА экран, ЭСА функционалын көрсету

3.12	ЭСА-да ресімделген тапсырысқа тапсырыс беруші қызметкерінің ЭЦҚ-сы қол қойылуы тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
3.13	ЭСА-да тапсырыс беруші ресімдеген тапсырыстар тізімін қарау функционалы, олар қандай ЭСА-да ресімделгеніне қарамастан іске асырылуы тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
3.14	ЭСА-да тапсырыс берушіге жеткізу мекенжайлары бар жоспарлардың тармақтарына байланған, оған кіретін тауарлардың тізбесі, сондай-ақ қорытындылардың алдын ала хаттамасы мен қорытындылар хаттамасы бар тапсырыстың егжей-тегжейлі карточкасын көруге мүмкіндік беретін функционал іске асырылуға тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
3.15	ЭСА-да тапсырыс берушіге ЭД қалыптастырған алдын ала тапсырыстардың тізімін көруге мүмкіндік беретін функционал іске асырылуы тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
3.16	ЭСА-да тапсырыс берушіге жеткізу мекенжайлары бар жоспарлардың тармақтарына байланған, оған кіретін тауарлардың тізбесімен алдын ала тапсырысты көруге мүмкіндік беретін функционал іске асырылуы тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
3.17	Келесі шарттар бойынша тауарлар мен жоспар тармақтарын бір тапсырысқа біріктіру мүмкін емес: 1. Егер қаржы жылы жоспардың тармақтары бойынша өзгеше болса; 2. Егер жоспар тармақтарында сатып алу түрі (бастапқы, қайталама) өзгеше болса; 3. Егер жоспар тармақтарында «бастапқы» сатып алу түрі көрсетілсе және олардың кейбіреулерінде «Мүгедектердің қоғамдық бірлестігі» белгісі болса, оларды жоспардың әдеттегі тармақтарымен осы белгісіз біріктіруге болмайды; 4. Егер жоспар пункттерін жеткізу орындары үшін дистрибьюторлардан шектеулер қолданылса, оларды мұндай шектеулерсіз тауарлармен, сондай-ақ әртүрлі дистрибьюторлардың тауарларымен біріктіруге болмайды.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА <i>функционалын көрсету</i>




	5.Егер таңдалған тауарларға ұлттық режимнен алып тастау белгіленген болса. 6. Егер ТҰК-тан қазақстандық тауар өндіруші белгісі бар тауарлар таңдалса.	
3.18	ЭСА-да тапсырыс беруші жоспарының тармағында көрсетілген тауар бірлігінің жоспарлы бағасын ЭД есептеген шектерге рұқсат етілген бағаларға сәйкестігін тексеру функционалы іске асырылуы тиіс. Егер тауар бірлігінің жоспарлы бағасы рұқсат етілген шектен асып кетсе, жүйе белгіленген баға шектеріне сәйкес еместігі туралы ескерту хабарламасын шығаруы тиіс.	ЭСА интерфейсінен скрин, ЭСА функционалын көрсету
4.	Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Тапсырыс берушінің функционалдылығына қойылатын талаптар:	
4.1	ЭСА-да мемлекеттік тапсырыс беруші жоспарларының тармақтарын таңдаусыз тапсырысты ресімдеу мүмкіндігі болуы тиіс.	ЭСА интерфейсінен скрин, ЭСА функционалын көрсету
4.2	Мемлекеттік сатып алу үшін тапсырыстарды ресімдеу тек қана ТҰК тауарларына жүзеге асырылуы тиіс.	ЭСА интерфейсінен скрин, ЭСА функционалын көрсету
4.3	ЭСА атаулары, сипаттамалары, өндірілген елі, өндірушісі, отандық тауар белгісі, бағаның өсуі мен кемуі бойынша тауарларды сұрыптау бойынша тауарларды іздестіру сүзгісіне ие болуға тиіс. Тауар туралы ақпаратты көрсету кезінде ЭАОЖ коды бойынша пайдаланушы таңдаған елді мекен ескеріледі.	ЭСА интерфейсінен скрин, ЭСА функционалын көрсету
4.4	Тауарлардың карточкасында тауардың сипаттамасын жүйелендірілген түрде көрсету, әрбір сипаттама және оның мәні бөлек.	ЭСА интерфейсінен скрин, ЭСА функционалын көрсету
4.5	ЭСА-да тапсырыс беруші тауарларды қоса алатын себеттің функционалы іске асырылуы тиіс.	ЭСА интерфейсінен скрин, ЭСА функционалын көрсету
4.6	ЭСА-да жоғары деңгейдегі әртүрлі санаттарға жататын бірнеше тауарларға бір тапсырысты ресімдеуді қоспағанда, ТҰК-ның бір санатына енгізілген бірнеше тауарларды таңдау мүмкіндігін көздейтін тапсырысты ресімдеу функционалы іске асырылуы тиіс.	ЭСА интерфейсінен скрин, ЭСА функционалын көрсету

4.7	ЭСА-да, егер «біріктірілген лот» белгісі тандалған болса, бір тауарды пайдалану мүмкіндігін қоспағанда, ТҰК-ның бір санатынан бірнеше тауарларды таңдауға мүмкіндік беретін тапсырысты ресімдеу функционалы іске асырылуы тиіс. Сондай-ақ белгіні таңдаған жағдайда біріктірілген лот, функционал барлық тауарлар бойынша бір жеңімпазды анықтауды көздеуі тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> скрин, ЭСА функционалын көрсету
4.8	ЭСА-да ұлттық алу тізбесіне кіретін бір ТЖҚ БНА-ға байланыстырылған қазақстандық тауар өндірушілердің бірнеше тауарларын таңдау мүмкіндігін көздейтін тапсырысты ресімдеу функционалы іске асырылуы тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> скрин, ЭСА функционалын көрсету
4.9	ЭСА KZTIN және ТЖҚ БНА бойынша Тапсырыс берушінің жылдық көлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспайтын біртекті тауарлары бойынша 4 мың АЕК-тен аспауын тексеруді жүзеге асыруға тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> скрин, ЭСА функционалын көрсету
4.10	ЭСА-да тапсырысты ресімдеу кезінде әрбір жеткізу орны бойынша жеткізу мекенжайын толтыру функционалы іске асырылуы тиіс, онда: 1) қабылдаушы тұлғаның Т.А.Ә.; 2) қабылдаушы тұлғаның ұялы немесе қалалық телефоны. Ұялы нөмір көрсетілген жағдайда, ол SMS-код немесе байланыс жасаушы тұлғалардың телефондарын верификациялаудың өзге де құралдары арқылы расталуы тиіс. 3) көшенің, даңғылдың, шағын ауданның және т.б. атауы; 4) үйдің, пәтердің немесе үй-жайдың нөмірі.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> скрин, ЭСА функционалын көрсету
4.11	ЭСА-да ресімделген тапсырысқа тапсырыс беруші қызметкерінің ЭЦҚ-сымен қол қойылуы тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> скрин, ЭСА функционалын көрсету
4.12	ЭСА-да қандай ЭСА-да ресімделгеніне карамастан, тапсырыс беруші ресімдеген тапсырыстар тізімін қарау функционалы іске асырылуы тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> скрин, ЭСА функционалын көрсету



4.13	ЭСА-да тапсырыс берушіге жеткізу мекенжайлары бар ТЖҚ БНА-ға байланыстырылған, оған кіретін тауарлардың тізбесі бар тапсырыстың егжей-тегжейлі карточкасын, сондай-ақ техникалық ерекшелікті, алдын ала қорытынды хаттамасы мен қорытынды хаттамасын көруге мүмкіндік беретін функционал іске асырылуы тиіс.	<i>ЭСА интерфейсінен скрин, ЭСА функционалын көрсету</i>
4.14	Мынадай шарттар бойынша тауарларды бір тапсырысқа біріктіру мүмкін емес: 1. Егер жеткізу орындары үшін тапсырыста дистрибьюторлардан шектеулер қолданылатын болса, оларды мұндай шектеулерсіз тауарлармен, сондай-ақ әртүрлі дистрибьюторлардың тауарларымен біріктіруге болмайды. 2. Егер таңдап алынған тауарларға ұлттық режимнен алу белгіленсе. 3. Егер ТҰК-дан қазақстандық тауар өндіруші белгісі бар тауарлар таңдалса.	<i>ЭСА интерфейсінен скрин, ЭСА функционалын көрсету</i>
4.15	ЭСА-да тапсырыс берушіге сәйкессіздік себептерін көрсете отырып, әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын қабылдамауға мүмкіндік беретін функционал іске асырылуы тиіс, олар кейіннен қорытындылардың алдын ала хаттамасында көрсетілуі тиіс. ЭД-де қалыптастырылған алдын ала қорытынды хаттамаға ЭЦҚ арқылы ЭСА жағында қол қойылуға тиіс, содан кейін барлық ақпарат ЭСА-дан ЭД-не берілуге тиіс.	<i>ЭСА интерфейсінен скрин, ЭСА функционалын көрсету</i>
4.16	ЭД қорытындылардың алдын ала хаттамасында өнім берушілерге рұқсат беру нәтижелері негізінде әлеуетті өнім берушілерге растауға тапсырыс жібереді.	<i>ЭСА интерфейсінен скрин, ЭСА функционалын көрсету</i>
5.	Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес әлеуетті Өнім берушінің функционалдылығына қойылатын талаптар	
5.1	ЭСА Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған мерзімде тапсырысты растау не қабылдамау мүмкіндігімен келіп түскен тапсырыс туралы әлеуетті өнім берушіге хабарлама жіберуге тиіс.	<i>ЭСА интерфейсінен экран, ЭСА функционалын көрсету</i>



5.2	Тапсырысты әлеуетті өнім беруші растаған кезде ЭСА қорытындылар хаттамасын қалыптастыру үшін деректерді электрондық дүкенге беруі тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА функционалын көрсету
5.3	Әлеуетті өнім беруші Тапсырысты қабылдамаған жағдайда, ЭСА ауытқу себебін көрсете отырып, ауытқу туралы ақпаратты электрондық дүкенге беруі тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА функционалын көрсету
5.4	ЭСА жеткізуді, жеткізудің қосымша шарттарын, сондай-ақ әрбір баға ұсынысының жарияланған күні мен уақытын ескере отырып, тауардың құнын қамтитын әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарының тізімін қалыптастыруға және электрондық дүкенге беруге тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА функционалын көрсету
5.5	ЭСА сауда нүктелерін (ЭАОЖ кодтарын қолдана отырып), жеткізу тәсілдерін көрсете отырып, ТҰК-дан тауарлар бойынша баға ұсыныстарын орналастыру үшін функционалға ие болуы тиіс: 1) веб-нысанды толтыру; 2) тауарлар бағасының тізімі бар файлды жүктеу; 3) әлеуетті өнім берушінің есепке алу жүйесімен интеграциялау.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА функционалын көрсету
5.6	ЭСА-да отандық тауар өндірушінің белгісі бар ТҰК-дан тауарларға баға ұсыныстарын өндірушінің өзінен рұқсат алған әлеуетті өнім берушілерге ғана беруге мүмкіндік беретін функционал іске асырылуы тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА функционалын көрсету
5.7	ЭСА-да отандыққа мүмкіндік беретін функционал іске асырылуы тиіс. тауар өндірушіге өзі өндіретін ест тауарлары үшін дилерлік желіні басқару.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА функционалын көрсету
5.8	ЭСА тек осы дистрибьютордан немесе дилерден рұқсат алған әлеуетті өнім берушілерге ресми дистрибьютор немесе дилер бар ТҰК тауарларына баға ұсыныстарын беруге мүмкіндік беретін функционалдылыққа ие болуы керек.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА функционалын көрсету
5.9	ЭСА ресми дистрибьютор немесе дилер бар ТҰК тауарлары бойынша дилерлік желіні басқару функционалына ие болуы керек.	ЭСА <i>интерфейсінен</i> экран, ЭСА функционалын көрсету

5.10	ЭСА әлеуетті өнім берушінің тауарына баға ұсынысын жариялау күні мен уақытын секундтарға дейінгі дәлдікпен тіркеуге тиіс.	ЭСА көрсету	функционалын
5.11	ЭСА мемлекеттік сатып алудың әлеуетті өнім берушілеріне жаңа тапсырыстың түскені туралы push-хабарламаларды немесе SMS-хабарламаларды жіберу функционалына ие болуға тиіс.	ЭСА көрсету	функционалын
5.12	ЭСА тапсырыстар тізімін қарау және келіп түскен тапсырыстарды растау/қабылдамау функциясына ие болуы керек.	ЭСА экран, ЭСА функционалын көрсету	интерфейсінен
5.13	ЭСА өнім берушінің бағасын ҚҚС-сыз ЭД-не беруі керек.	ЭСА экран, ЭСА функционалын көрсету	интерфейсінен
5.14	ЭСА-да AppStore және Google Play Store-да (PlayMarket) тіркелген iOS және Android үшін мобильді қосымша болуы керек.	ЭСА экран, ЭСА функционалын көрсету	интерфейсінен
5.15	ЭСА мобильді қосымшасында әлеуетті өнім беруші тауарға баға ұсынысын түзете алуы, тапсырысты растауы немесе қабылдамауы, бағаны алдын ала тапсырысқа бере алуы тиіс.	ЭСА экран, ЭСА функционалын көрсету	интерфейсінен
6.	Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуға сәйкес әлеуетті өнім берушінің функционалдылығына қойылатын талаптар:		
6.1	ЭСА әлеуетті өнім берушіге ерекше тәртіпті қолдана отырып, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған мерзімде тапсырысты растау не қабылдамау мүмкіндігімен келіп түскен тапсырыс туралы хабарлама жіберуге тиіс.	ЭСА скрин, ЭСА функционалын көрсету	интерфейсінен
6.2	ЭСА әлеуетті өнім берушілерге тапсырыс туралы ақпаратты электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойғанға дейін көрсетпеуі тиіс. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысымен бекітілген «Мәліметтерді шектеулі таратылатын қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларының» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2022 жылғы 24 маусымда № 169249 болып тіркелген) 8-қосымшасына сәйкес ЭД-де қалыптастырылатын шектеулі	ЭСА скрин, ЭСА функционалын көрсету	интерфейсінен

	таратылатын қызметтік ақпаратты жария етпеу туралы міндеттеме.	
6.3	Әлеуетті өнім беруші тапсырысты растаған кезде ЭСА қорытынды хаттамасын қалыптастыру үшін деректерді ЭД-ге беруі тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен скрин,</i> ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
6.4	Әлеуетті өнім беруші тапсырысты қабылдамаған жағдайда, ЭСА деректерді ЭД-ге қабылдамау себептерін көрсете отырып, қабылдамау туралы ақпарат беруге тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен скрин,</i> ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
6.5	ЭСА жеткізуді ескере отырып, тауардың құнын, жеткізудің қосымша шарттарын, сондай-ақ әрбір баға ұсынысын жариялау күні мен уақытын қамтитын әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарының тізімін қалыптастыруы және ЭД-ге беруі тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен скрин,</i> ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
6.6	ЭСА сауда нүктелерін (ӨАОЖ кодтарының көмегімен), жеткізу тәсілдерін: 1) веб-нысанды толтыру; 2) тауарлар бағасының тізімі бар файлды жүктеу; 3) әлеуетті өнім берушінің есепке алу жүйесімен интеграциялау.	ЭСА <i>интерфейсінен скрин,</i> ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
6.7	ЭСА-да отандық өндірушілердің тізілімінде тұрған (осы тізілімді іске қосу кезінде), ал индустриялық сертификаты бар немесе өндірушінің өзінен рұқсат алған (уәкілетті органның талаптарына сәйкес) әлеуетті өнім берушілерге ғана қазақстандық тауар өндіруші белгісімен ТҰК-дан тауарларға баға ұсыныстарын беруге мүмкіндік беретін функционал іске асырылуы тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен скрин,</i> ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
6.8	ЭСА-да қазақстандық тауар өндірушілерге өзі өндіретін ТҰК тауарларына арналған дилерлік желіні басқаруға мүмкіндік беретін функционал іске асырылуы тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен скрин,</i> ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
6.9	ЭСА тек ресми дистрибьюторға, оның дилерлеріне, сондай-ақ дербес дилерлерге ресми дистрибьютор немесе дилер бар ТҰК-тан тауарларға баға ұсыныстарын беруге мүмкіндік беретін функционалды болуы тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен скрин,</i> ЭСА <i>функционалын көрсету</i>
6.10	ЭСА олар үшін ресми дистрибьютор бар ТҰК тауарлары бойынша дилерлік желіні басқару функционалына ие болуы тиіс.	ЭСА <i>интерфейсінен скрин,</i> ЭСА <i>функционалын көрсету</i>


6.11	ЭСА әлеуетті өнім берушінің тауарына баға ұсынысын жариялау күні мен уақытын секундқа дейінгі дәлдікпен тіркеуге тиіс.	ЭСА көрсету	функциясын
6.12	ЭСА мемлекеттік сатып алудың әлеуетті өнім берушілеріне жаңа тапсырыстың түскені туралы push-хабарламаларды немесе SMS-хабарламаларды жіберу функциясына ие болуы тиіс.	ЭСА көрсету	функциясын
6.13	ЭСА тапсырыстар тізімін қарау және келіп түсетін тапсырыстарды растау/қабылдамау функциясына ие болуы тиіс.	ЭСА скрин, функционалын көрсету	интерфейсінен ЭСА
6.14	ЭСА өнім берушінің бағасын ЭД-ге ҚҚС-сыз беруге тиіс.	ЭСА скрин, функционалын көрсету	интерфейсінен ЭСА



*Деректерді электрондық дүкенмен
біріктіруді қамтамасыз ету үшін
электрондық сауда алаңдарына
қойылатын талаптардың
4 - қосымшасы*

Электрондық сауда алаңдарын веб-порталмен интеграциялау бойынша Талаптар

№ р/с	Талаптар	Сәйкестікті растау
1	<p>ЕСА келесі деректерді алу үшін электрондық дүкенмен біріктірілген:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Мемлекеттік сатып алуға тіркелген қатысушылар бойынша; 2) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар бойынша; 3) ТЖҚ БНА, ЭАОЖ анықтамалықтары, тапсырысты қабылдамау себептерінің тізбесі, ұлттық алып қою тізбесіне кіретін ТЖҚ БНА кодтарының тізімі; 4) мемлекеттік сатып алу жоспарлары бойынша; 5) тапсырыстарды немесе алдын ала тапсырыстарды жариялау туралы хабарламалар бойынша; 6) тапсырыстар бойынша алдын ала қорытындылардың хаттамалары бойынша; 7) тапсырыстар бойынша қорытындылардың хаттамалары бойынша; 8) мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың мәртебесі бойынша; 9) ЭТК тауарлары бойынша ресми дистрибьюторлар, дилерлер туралы ақпарат; 10) ЭТК тауарлары бойынша бағалардың дерекқоры негізінде ЭД күнделікті негізде есептейтін медиандық бағалар мен шекті бағалар; 11) ЭД-нің өзге де хабарламалары мен хабарландырулары бойынша жүзеге асырылады. 	Сынақ хаттамасы
2	<p>ЭСА келесі деректерді беру үшін электрондық дүкенмен біріктірілген:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тапсырысты ресімдеу кезінде әлеуетті өнім берушілердің барлық баға ұсыныстары туралы. Егер тауардың бір бірлігінің бағасы 	Сынақ хаттамасы




	<p>тиісті тауарлар үшін ЭД белгілеген шекте рұқсат етілген бағаларға сәйкес келмесе, баға ұсыныстарын беруге жол берілмейді.</p> <p><i>Аталған тексеру қазақстандық тауар өндірушілердің тауарларына және «Мүгедектер ұйымдарынан сатып алу» белгісі бар бастапқы сатып алуға қолданылмайды.</i></p> <p>2) Өнім берушінің тапсырысты растауы және (немесе) қабылдамауы туралы;</p> <p>3) тауарлардың техникалық ерекшеліктері мен бейнелері туралы;</p> <p>4) ЭСА-мен келісімге (оферта шартына) қол қойған өнім беруші туралы мәліметтер;</p> <p>5) ТҰК тауарлары бойынша ресми дистрибьюторлар, дилерлер туралы мәліметтер.</p> <p>6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысымен бекітілген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларына 8-қосымшаға сәйкес Таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемеге ЭЦҚ арқылы қол қойған өнім беруші туралы мәліметтер (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2022 жылғы 24 маусымда № 169249 болып тіркелген) Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ресімделген әрбір тапсырыс бойынша;</p> <p>7) ерекше тәртіпті қолдана отырып, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ресімделген әрбір тапсырыс бойынша қорытындылардың алдын ала хаттамасы негізінде әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын қарау нәтижелері туралы мәліметтер.</p>	
3	<p>ЭСА мынадай мәліметтерді алу үшін ТҰК-пен интеграцияланады:</p> <p>1) ТҰК тауарларының құрылымы бойынша күнделікті негізде;</p>	Сынақ хаттамасы




	<p>2) күнделікті негізде ТҰК каталогының құрылымы бойынша;</p> <p>3) синхрондау күн сайын әр 3 (үш) сағат сайын жүргізілетін тауарлардың тізімдері мен атрибуттық құрамдары бойынша;</p> <p>4) тауарларды тіркеуге өтінімдердің мәртебесі бойынша.</p>	
4	<p>ЭСА баға дерекқорымен интеграцияланады. Берілетін деректерде тауарлардың бағасы туралы мәліметтер, соның ішінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. KZTIN тауар идентификаторы; 2. NTIN тауар идентификаторы (міндеттемені «ЭҚО» АҚ айқындайды); 3. тауардың атауы; 4. ЭАОЖ сатушының (қойманың) коды; 5. тауарды жеткізушінің БСН. 	Сынақ хаттамасы

Сауда алаңының байланыс орталығының операторына және сауда алаңына ЭД-ге қосылғаннан кейін қойылатын Талаптар

№ р/с	Талаптар	Сәйкестікті растау
1.	ЭСА ақпараттық қолдау	
1.1	ЭСА пайдаланушылардың мемлекеттік сатып алуға қатысты өтініштерін тіркеу, жіктеу, өңдеу және олардың орындалуын қадағалау бойынша функционалға ие болуға тиіс. Пайдаланушылардың өтініштерін қараудың негізгі мақсаты пайдаланушылардың өтінішіне негіз болған проблемалар мен кемшіліктерді жою үшін оқиғаларды басқару болып табылады. Пайдаланушылардың барлық өтініштері міндетті түрде қаралуға жатады.	<i>CRM жүйесін көрсету</i>
1.2	Байланыс орталығы өтініш беру тәсіліне байланысты (телефон, электрондық пошта, ресми хаттар, интернет-форум арқылы), жұмыс күндері – сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін, Астана қаласының уақыты бойынша ЭСА пайдаланушыларымен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.	<i>CRM жүйесін көрсету</i>



1.3	ЭСА Байланыс орталығының операторы пайдаланушылардың өтініштерін Астана қаласының уақыты бойынша жұмыс уақытында өтініш келіп түскен сәттен бастап 15 (он бес) минут ішінде пайдаланушылардың өтініштерін есепке алу журналына тіркейді.	<i>CRM жүйесін көрсету</i>
1.4	Өтінішті тіркегеннен кейін пайдаланушылардың өтініштерін есепке алу жөніндегі ақпараттық жүйеде бірегей инцидент идентификаторы беріледі және екі сағат ішінде пайдаланушының электрондық поштасына жіберіледі.	<i>CRM жүйесін көрсету</i>
1.5	Пайдаланушылардың мемлекеттік сатып алу процестеріне қатысты өтініші бойынша шешімдерді ЭСА Байланыс орталығы 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өңдеуі тиіс. Шешімді белгіленген мерзімде ұсыну мүмкіндігі болмаған кезде ЭСА Байланыс орталығы Пайдаланушының және бірыңғай оператордың өтінішін қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы хабарлайды. Бұл ретте пайдаланушының өтінішін қарау мерзімін ұзарту 15 (он бес) күнтізбелік күннен аспауға тиіс.	<i>CRM жүйесінің экрандары мен журналдары</i>
1.6	ЭСА модераторлары жарияланатын ақпаратты тексеру жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда модераторлар электрондық дүкеннің веб-сайтында орналастырылатын, оның ішінде пайдаланушылар жариялайтын, порнография мен зорлық-зомбылықты, мемлекетті, оның рәміздері мен өкілдерін қорлауды насихаттайтын нормативтік емес лексиканы, экстремистік материалдар мен материалдарды қамтитын ақпаратты, есірткіні дайындау және пайдалану туралы, өз-өзіне қол жұмсау тәсілдері, келісілмеген шарттарға қатысуға шақырулар туралы ақпаратты бұғаттауға құқылы акциялар, рұқсат етілмеген митингілер, сондай-ақ әдепсіз нысандағы хабарламалар, адамның қадір-қасиеті мен әлеуметтік адамгершілікке нұқсан келтіретіндер.	<i>ЭСА модераторының контенттік бөлімшесі мен кабинетінің болуы. Жүйенің экрандары мен демонстрациясы.</i>



1.7	ЭСА модераторлары ЭТК тауарлары бойынша дистрибьюторлар, дилерлер туралы ЭД-де жарияланатын және берілетін ақпаратты тексеру жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді	<i>Оператордың функционалдығын көрсету.</i>
1.8	Қазақстан Республикасының резиденті ғана ЭСА-ның меншік иесі не оның құрылтайшысы (қатысушысы), тікелей немесе жанама құрылтайшысы (қатысушысы) немесе бенефициарлық меншік иесі бола алады.	<i>Талаптардың 6-тарауының 28-тармағына сәйкес құрылтайшылардың, қатысушылардың, жанама қатысушылардың, бенефициарлық меншік иелерінің құрамы туралы ақпараттық хат.</i>



*Деректерді электрондық дүкенмен
біріктіруді қамтамасыз ету үшін
электрондық сауда алаңдарына
қойылатын талаптардың
5 - қосымшасы*

API баға дерекқоры өрістерінің техникалық талаптары мен сипаттамасы

№	Өрістің атауы	Деректер түрі	Сипаттама
1	token	String Жол	Логиннен немесе авторизациядан кейін алынған белгі.
2	products	Array of Objects Массив объектісі	Өнім туралы мәліметтер

Тауар объектісі (products массивтің ішінде):

3	kztin	String Жол	Тауарлардың электрондық каталогындағы бірегей тауар коды.
4	product_name	String Жол	Тауардың атауы
5	sellers	Array of Objects Массив объектісі	Өнімді ұсынатын сатушылардың тізімі. Әрбір нысанда белгілі бір сатушы туралы ақпарат бар.


Сатушының объектісі (sellers массивінің ішінде):

6	name	String Жол	Сатушының аты
7	bin	String Жол	Сатушының Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН).
8	price	String Жол	Сатушының тауар бағасы.
9	kato	String Жол	Қазақстандағы өңірлерді жіктеу үшін пайдаланылатын әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің коды (ӘАОЖ).


Деректерді электрондық дүкенмен
біріктіруді қамтамасыз ету үшін
электрондық сауда алаңдарына
қойылатын талаптардың
6 - қосымшасы

**Сауда алаңындағы тауарларға баға беру бөлігінде
баға дерекқорына сұрау салу мысалы**


```
{
  "token": "token",
  "products": [
    {
      "kztin": "247376",
      "name": "Кабель ЕКТ АВВГ",
      "sellers": [
        {
          "name": "Белый ветер",
          "bin": "231010000",
          "price": "19.99",
          "kato": "231010000"
        },
        {
          "name": "Red line",
          "bin": "231010000",
          "price": "300.0",
          "kato": "231010000"
        },
        {
          "name": "DNS",
          "bin": "231010000",
          "price": "250.0",
          "kato": "231010000"
        },
        {
          "name": "Мечта",
          "bin": "231010000",
          "price": "255.0",
          "kato": "231010000"
        }
      ]
    }
  ],
  {
    "kztin": "247376",
    "name": "Кабель ЕКТ АВВГ",
```



```
"sellers": [  
  {  
    "name": "Белый ветер",  
    "bin": "231010000",  
    "price": "19.99",  
    "kato": "231010000"  
  },  
  {  
    "name": "Red line",  
    "bin": "231010000",  
    "price": "300.0",  
    "kato": "231010000"  
  },  
  {  
    "name": "DNS",  
    "bin": "231010000",  
    "price": "250.0",  
    "kato": "231010000"  
  },  
  {  
    "name": "Мечта",  
    "bin": "231010000",  
    "price": "255.0",  
    "kato": "231010000"  
  }  
]  
,  
{  
  "kztin": "247376",  
  "name": "Кабель ЕКТ АВВГ",  
  "sellers": [  
    {  
      "name": "Белый ветер",  
      "bin": "231010000",  
      "price": "19.99",  
      "kato": "231010000"  
    },  
    {  
      "name": "Red line",  
      "bin": "231010000",  
      "price": "300.0",  
      "kato": "231010000"  
    },  
    {  
      "name": "DNS",  
      "bin": "231010000",
```



```
"price": "250.0",
"kato": "231010000"
},
{
  "name": "Мечта",
  "bin": "231010000",
  "price": "255.0",
  "kato": "231010000"
}
]
},
{
  "kztin": "247376",
  "name": "Кабель ЕКТ АВВГ",
  "sellers": [
    {
      "name": "Белый ветер",
      "bin": "231010000",
      "price": "19.99",
      "kato": "231010000"
    },
    {
      "name": "Red line",
      "bin": "231010000",
      "price": "300.0",
      "kato": "231010000"
    },
    {
      "name": "DNS",
      "bin": "231010000",
      "price": "250.0",
      "kato": "231010000"
    },
    {
      "name": "Мечта",
      "bin": "231010000",
      "price": "255.0",
      "kato": "231010000"
    }
  ]
}
]
}
```



*Деректерді электрондық дүкенмен
біріктіруді қамтамасыз ету үшін
электрондық сауда алаңдарына
қойылатын талаптардың
7 - қосымшасы*

Электрондық сауда алаңдарының жұмыс істеуі және олардың электрондық дүкенмен өзара іс-қимылы Регламенті

1. Негізгі бөлім

1. Осы электрондық сауда алаңдарының жұмыс істеу Регламенті және олардың электрондық дүкенмен өзара іс-қимылы (бұдан әрі-Регламент) электрондық дүкен мен электрондық сауда алаңдарының өзара іс-қимыл процестерін, электрондық сауда алаңдарын бақылау, ажырату рәсімдерін, электрондық сауда алаңдары иелерінің жауапкершілігін реттейді.

2. Анықтамалар және қысқартулар

2. Осы Регламентте келесі негізгі анықтаулар мен қысқартулар пайдалынады:

1) бірыңғай сатып алу платформасы (бұдан әрі – веб-портал) – мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесі, ол мемлекеттік сатып алудың және «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынады;

2) мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – мемлекеттік сатып алу саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) электрондық дүкен (бұдан әрі – ЭД) – бірыңғай оператор уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайтын талаптарға сәйкес келетін электрондық сауда алаңдарында орналасқан деректерді агрегациялауды қамтамасыз ететін веб-порталдың кіші жүйесі (бұдан әрі - Талаптар);

4) электрондық тауарлар каталогы (бұдан әрі – ЭТК) – мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде тауарлардың біріздендірілген сипаттамасын қалыптастыруға арналған веб-порталдың ақпараттық кіші жүйесі.

5) электрондық сауда алаңы (бұдан әрі – ЭСА) – уәкілетті органның келісімі бойынша бірыңғай оператор айқындайтын талаптарға сәйкес келетін, сатып алуға қатысушыларға электрондық дүкен арқылы веб-порталдың қызметтеріне қол жеткізуді ұсынатын мемлекеттік емес ақпараттық жүйе;

6) электрондық сауда алаңының меншік иесі (бұдан әрі – ЭСА меншік иесі) – Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шектерде және тәртіппен сауда алаңын иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарына ие жеке және заңды тұлға;

7) мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – Бірыңғай оператор) – акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалғыз меншік иесі мемлекет болып табылатын уәкілетті орган айқындаған заңды тұлға («Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы);

8) тапсырыс берушілер – мүліктік кешендер ретіндегі мемлекеттік кәсіпорындарды, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес, кейіннен сатып алу құқығымен жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сенімгерлік басқаруға берілген заңды тұлғаларды қоспағанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;

9) мемлекеттік сатып алу субъектілері – әлеуетті өнім беруші, өнім беруші, тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, бірыңғай оператор, уәкілетті орган, сарапшы, сараптама комиссиясы;

10) авторизациялық деректер – бұл ЭД ЭСА-ға қолжетімділікті растау үшін пайдаланылатын ақпарат электрондық дүкеннің талаптарға сәйкестігіне сынақтардан өткеннен кейін сауда алаңына берген таңбалауышын қамтиды;

11) әлеуетті өнім беруші – «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум), сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға;

12) құқық иеленуші - «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тауар белгісіне айрықша құқықты Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркеген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға немесе жеке тұлға;

13) ресми дистрибьютор - сауда желілерінде құқық иеленушінің тауарын бөлуді басқаруды, дилерлермен өзара іс-қимылды және тауарды Тапсырыс берушіге дербес өткізуді қамтамасыз ететін, құқық иеленушінің өкілі болып табылатын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер;

14) дилер – тауарларды құқық иеленушіден немесе дистрибьютордан сатып алатын және оларды түпкілікті тұтынушыларға сататын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;

15) бенефициарлық меншік иесі – бұл:

клиенттің – заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі;

клиентті өзгеше түрде бақылауды жүзеге асыратын;

оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға.

3. Сауда алаңдарының электрондық дүкенмен және әлеуетті өнім берушілермен өзара әрекеттесу процесі

3. Бірыңғай оператор веб-порталда ЭД мен ЭСА арасында ақпарат алмасу үшін тестілік және өнімді сервистердің тізбесі және олардың қолжетімділік (жұмысқа қабілеттілік) мәртебесі туралы, сондай-ақ осындай сервистерге қосылу және оларды пайдалану жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы деректерді қалыптастырады.

4. Сауда алаңын ЭД-ге қосу кезінде ЭСА иесі ЭД ұсынған өзекті авторизациялық деректерді пайдалануды қамтамасыз етеді.

5. ЭСА әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстары туралы ақпаратты жаңарту мақсатында әрбір әлеуетті өнім берушімен сауда алаңын пайдалану жөнінде тиісті келісім (бұдан әрі – келісім) жасасады. Мұндай келісім туралы ақпаратты ЭСА ЭД-ге береді.

6. Әлеуетті өнім берушілердің ЭСА арасында тәулігіне бір реттен артық ауысуына жол берілмейді.

7. ЭД қолданыстағы келісім болған кезде ЭСА-нан әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын қабылдайды. Бір әлеуетті өнім беруші үшін баға ұсыныстарын беру сәтінде ЭСА-мен бір ғана келісім қолданылуы мүмкін. Бұл ретте қолданыстағы ЭД әлеуетті өнім беруші қол қойған соңғы келісімді қарастырады.

8. Баға белгілеу және әлеуетті өнім берушілердің ЭСА-мен өзара іс-қимылы кезінде ЭСА әлеуетті өнім берушілерді сәйкестендіруді қамтамасыз етеді.

9. Веб-порталмен (ЭД және ЭСА қоса алғанда) өзара іс-қимыл жасауға арналған қолданыстағы сервистердің тізбесін веб-порталдағы Бірыңғай оператор үнемі өзекті жағдайда ұстайды.

10. Веб-порталмен өзара іс-қимыл жасауға арналған қолданыстағы сервистердің тізбесі осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген.

11. Уәкілетті органның және/немесе Бірыңғай оператордың тапсырмасына сәйкес ЭСА мемлекеттік сатып алу субъектілерінің ақпараттық материалдары мен

хабарламаларын орналастыруға, сондай-ақ ақпаратты және мемлекеттік сатып алу субъектілерін тексеруге, бұғаттауға/бұғаттан шығаруға тиіс.

12. Тапсырыс беруші бір уақытта бір тауарға екі ЭСА-ға тапсырыс берген кезде электрондық дүкен алған бірінші тапсырыс қана тіркеледі.

13. ЭСА бар ақпарат қолданыстағы сервистер тізбесін және сервистердің сұраныстарды өңдеу мерзімдерін сақтауды ескере отырып, осы Регламентке 1-қосымшаның 2-тармағына сәйкес ЭД-ге беріледі.

14. ЭСА қолданыстағы сервистердің тізбесін және сервистердің сұраныстарын өңдеу мерзімдерін сақтай отырып, осы Регламенттің 1-қосымшасының 4-тармағына сәйкес ақпаратты ЭТК-ке береді.

15. ЭД деректері қолданыстағы сервистер тізбесін және сервистердің сұраныстарын өңдеу мерзімдерін сақтай отырып, осы Регламентке 1-қосымшаның 1-тармағына сәйкес ЭСА-ға беріледі.

4. Дистрибьюторлардың, тауар құқық иелері функционалдығын қолдау

16. Егер әлеуетті өнім беруші тауар құқық иесінің ресми дистрибьюторы болып табылса, әлеуетті өнім беруші растайтын сенімді құжаттарды ЭСА ұсынуы тиіс. Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын тауар белгісін тіркеу туралы ақпарат, сонымен қатар келесі құжаттардың электрондық сканерлеу-көшірмелерінің бірі: *дистрибьютордың сертификаты немесе дистрибьюторлық шарт немесе дистрибьютордың мәртебесі туралы құқық иесінің хаты (тиісті шартты/келісімді қоса бере отырып)*, дистрибьюторлық туралы растайтын құжаттар болып табылады. Егер өнім беруші құқық иесі болып табылса, онда Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы тауар белгісін тіркеу туралы ақпарат қана беріледі.

17. Дистрибьюторлықты растайтын құжатта құжаттарды ұсынған әлеуетті өнім беруші дилер емес, дистрибьютор екендігі көрсетілуі керек.

Дистрибьютордың сертификаты немесе құқық иесінің хаты бланкіде болуы керек, мөр мен құқық иесі басшысының қолы болуы керек.

18. ЭСА дистрибьюторлыққа ұсынылған құжаттарды тексереді, қажет болған жағдайда ұсынылған ақпараттың дұрыстығын тексеру үшін құқық иесіне немесе құқық иесінің уәкілетті өкіліне (оны құқық иесі де құжатпен растауы тиіс) сұрау жібереді.

19. Тексеріс сәтті болған жағдайда ЭСА интеграциялық өзара іс-қимыл арқылы ЭД-ге дистрибьюторлық туралы ақпарат пен құжаттарды береді.

20. ЭД 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Регламентке сәйкес құжаттардың толықтығын (бар болуын) тексереді және сәтті тексерілген жағдайда дистрибьюторлыққа өтінімді растайды.

21. Дистрибьюторлық расталғаннан кейін ЭД ЭСА-дан расталған дистрибьюторлардың және/немесе дилерлердің бағаларын ғана қабылдайды.

22. ЭД әлеуетті өнім берушіге көрсетілген тауарлар, сату аумағы және қолданылу мерзімі бойынша «ресми дистрибьютор» белгісін береді. «Ресми дистрибьютор» белгісін беру туралы ақпарат ЭСА-нің барлығына таратылады.

23. Әлеуетті өнім берушіге «ресми дистрибьютор» белгісін бергеннен кейін ЭСА осындай әлеуетті өнім берушіге дилерлерді басқару функционалына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

24. Дилерлер туралы ресми дистрибьютор енгізген ақпарат Бірыңғай оператордың тексеруінсіз ЭД-ге беріледі және барлық ЭСА-ға жіберіледі.

25. Егер әлеуетті өнім беруші тауар өндірушінің ресми дилері болып табылса, әлеуетті өнім беруші растайтын сенімді құжаттарды ЭСА ұсынуға құқылы. Дилерлік туралы растайтын құжаттар құжаттардың мынадай электрондық сканерлеу-көшірмелерінің бірі болып табылады:

– Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын тауар белгісін тіркеу туралы ақпарат;

– дилердің сертификаты немесе авторлық құқық иесімен немесе ресми дистрибьютормен жеткізу шарты.

Егер дистрибьютор ЭД - де расталмаған жағдайда, онда құқық иеленушіден дистрибьютордың мәртебесі туралы құжаттар, атап айтқанда дистрибьютордың сертификаты немесе дистрибьюторлық шарт немесе құқық иеленушіден дистрибьютордың мәртебесі туралы хат (тиісті шартты/келісімді қоса бере отырып) қосымша ұсынылады;

26. Дилерлікті растау үшін құжатта құжаттарды ұсынған әлеуетті өнім беруші тауардың дилері/сатушысы болып табылатындығы көрсетілуі тиіс.

Дилердің сертификаты бланкіде болуы керек, құқық иесінің немесе дистрибьютордың басшысының мөрі мен қолы болуы керек.

Дистрибьютордың сертификаты немесе құқық иесінің хаты бланкіде болуы керек, мөр мен құқық иесі басшысының қолы болуы керек.

27. ЭСА дилерлікке ұсынылған құжаттарды тексереді, қажет болған жағдайда ұсынылған ақпараттың дұрыстығын тексеру үшін дистрибьюторға, құқық иесіне немесе өндірушінің уәкілетті өкіліне (оны құқық иесі де құжатпен растауы тиіс) сұрау салулар жібереді.

28. Барлық қажетті құжаттарды ЭСА сәтті тексергеннен кейін барлық қоса берілген құжаттары бар дилер туралы ақпарат дилердің (нақты өңірлер не республиканың бүкіл аумағы бойынша) қолданылу аумағын, сондай-ақ дилердің қолданылу мерзімін міндетті түрде көрсете отырып, ЭД-де интеграциялық өзара іс-қимыл арқылы беріледі.

29. Бірыңғай оператор 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Регламентке сәйкес құжаттардың толықтығын (бар болуын) тексереді және тексеріс сәтті болған жағдайда дилерлікке өтінімді растайды.

30. ЭД әлеуетті өнім берушіге көрсетілген тауарлар, сату аумағы және қолданылу мерзімі бойынша «Дилер» белгісін береді. «Дилер» белгісін беру туралы ақпарат барлық ЭСА-ға жіберіледі.

31. Дистрибьюторлықтың немесе дилерліктің қолданылу мерзімі ұсынылған құжаттарға сәйкес, ал құжаттарда мерзімдер болмаған жағдайда – 1 жылға белгіленеді.

32. Бастапқы сатып алу кезінде, егер тауарда «ресми дистрибьютор» белгісі белгіленсе, онда ЭД тапсырыста орналастырылған осындай тауарға «ресми дистрибьютор» немесе «Дилер» белгісі бар әлеуетті өнім берушілерден тапсырысқа баға ұсыныстарын қабылдайды.

33. Егер «ресми дистрибьютор/дилер» белгісі бар тауарға бастапқы сатып алу жүргізілмеген жағдайда, қайта сатып алу кезінде ЭД кез келген әлеуетті өнім берушіден сол тауарға баға ұсыныстарын қабылдайды.

34. Егер тауарда «ресми дистрибьютор» белгісі болмаса, онда кез келген әлеуетті өнім беруші осындай тауарға баға ұсынысын қоя алады.

35. Егер «ресми дистрибьютор/дилер» белгісі бар тауарларға мұндай белгіні иеленетін әлеуетті өнім берушінің расталмаған тапсырыстарының пайызы ағымдағы күннен бастап өткен 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде 20% - дан асқан жағдайда, осы кезеңде бес тапсырыстан артық алған жағдайда, онда «ресми дистрибьютор/Дилер» деген белгісі бар осындай әлеуетті өнім беруші үшін электрондық дүкенде осы өнімді сату мерзімі 1 ай мерзімге алынып тасталады.

5. Сауда аландары мен электронды дүкендердің интеграциясына ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету

36. Бірыңғай оператордың деректемелері (ұйымның атауы, ұйымның БСН, домендік атаулары, IP –мекенжайлары) не ЭСА (бұдан әрі-тараптар) өзгерген жағдайда, мұндай өзгерістерді жоспарлайтын тарап өзгерістер енгізілгенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей екінші тарапқа осындай өзгерістер туралы хабарлауға міндетті.

37. ЭСА қосу үшін авторизациялық деректерді ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі саясатқа сәйкес электрондық дүкен мерзімді түрде жаңартып отырады және жаңарту күні мен уақытын көрсете отырып, өнімді ортада жаңартудан кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын ЭСА меншік иесіне беріледі. Бұл ретте тараптар деректерді берудегі іркілістерді болдырмау үшін мұндай деректерді жұмыстан тыс уақытта немесе профилактикалық жұмыстар кезінде жаңартуды қамтамасыз етеді.

38. Авторизациялық ақпараттың құпиялылығын әрбір тарап өзінің жауапкершілік аймағы шегінде қамтамасыз етеді. Мұндай ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етуге және беруге жол берілмейді. Тараптар компетацияға келген жағдайда, қай тарап кінәлі болса да, мұндай деректерді (логиндер, парольдер) дереу ауыстыру қамтамасыз етіледі.

39. Техникалық жұмыстарды жүргізген жағдайда техникалық жұмыстарды жүргізетін тарап кемінде 2 (екі) жұмыс күні бұрын екінші тарапқа осындай жұмыстарды жүргізгені туралы хабарлауға міндетті.

40. Жоспардан тыс жұмыстар жүргізілген жағдайда мұндай жұмыстарды жүргізетін тарап екінші тарапқа осындай жұмыстар туралы, сондай-ақ жауаптылардың тізімі мен байланыстары туралы дереу хабарлауға тиіс.

41. ЭД немесе оның жекелеген сервистерінің қолжетімсіздігіне әкеп соғатын барлық жоспарланған жұмыстар тапсырыс берушілер мен әлеуетті өнім берушілерді хабардар ету үшін веб-порталда жариялануға тиіс.

6. Электрондық дүкен және сауда алаңдардың интеграциялық қызметтері мен функционалдылықтарын түзету

42. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамасына өзгерістер енгізілген және/немесе жаңа нормативтік құқықтық актілер қабылданған жағдайда, Бірыңғай оператор веб-порталда ЭСА-мен өзара іс-қимыл жасау үшін сервистердің және сервистерді тестілеу сценарийлерінің жоспарланатын өзгерістерін әзірлейді және орналастырады, сондай-ақ ЭСА-ны осындай өзгерістер туралы хабардар етеді.

43. Бірыңғай оператор барлық жүйелерді уақтылы пайдалануға беру мақсатында ЭД және веб-порталдың басқа да ішкі жүйелері мен сервистерін пысықтауды жүзеге асыру кезінде ЭСА-ны пысықтау және оларды тексеру үшін болжамды мерзімдерді ескере отырып, өз жүйелерін пысықтауды жүзеге асырады.

44. Бірыңғай оператор сауда алаңының функционалын пысықтау және ЭСА меншік иесінің жүргізген жұмысының нәтижелері туралы хабарлау мерзімдері мен тәртібін айқындайды. Бірыңғай оператор өзгертілетін сервистердің сипаттамасын ұсынған сәттен бастап пысықтау үшін мерзім кемінде 10 (он) жұмыс күнін құрауға тиіс.

45. Бірыңғай оператор ЭСА меншік иесімен бірлесіп жүргізілген пысықтауларды тексеру үшін ЭСА тестілеуін жүргізеді. Тестілеуді өткізу мерзімін өнімді ортада үздіксіз жұмыс істеуді қамтамасыз етуді ескере отырып, Бірыңғай оператор айқындайды. ЭСА функционалдық сипаттамалары мен мүмкіндіктерінің кемшіліктері мен сәйкессіздіктері анықталған кезде Бірыңғай оператор осындай ЭСА-ны пысықтау мерзімін айқындайды. Пысықтау мерзімі аяқталғаннан кейін, жаңартылған функционалдылықты пайдалануға беру мүмкіндігін болдырмайтын кемшіліктер анықталған жағдайда, Бірыңғай оператор барлық ақаулар жойылған сәтке дейін сауда алаңын уақытша ажырату туралы шешім қабылдауға құқылы.

46. Тестілеу нәтижелері хаттамамен ресімделеді, оған Бірыңғай оператор тестілеу өткізілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде қол қояды.

7. Электрондық дүкеннің өнімді ортасынан сауда алаңын өшіру

47. Сауда алаңы ЭД өнімді ортасынан:

1) ЭСА жұмысында мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Қағидаларына не мынадай дәйекті қадамдарды қабылдай отырып, Талаптарға сәйкессіздіктер анықталған:

– Бірыңғай оператор ЭСА меншік иесіне талаптарға сәйкессіздігі туралы хабарлайды;

– ЭСА меншік иесі 1 (бір) жұмыс күні ішінде осындай сәйкессіздіктерді жояды және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Талаптарын не Қағидаларын бұзушылықтардың жоқтығы туралы негізделген ақпарат береді;

– Бірыңғай оператор ұсынылған ақпаратты тексереді, егер ақпарат берілмесе немесе сәйкессіздіктер жойылмаса, мұндай сәйкессіздіктер жойылғанға дейін ЭСА-нан ЭД-нің өнімді ортасынан ажырату туралы шешім қабылдайды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін сынау нәтижелері бойынша сынақ хаттамаларының біреуі болмаған не теріс қорытындысы бар хаттаманың болуы;

3) тапсырыстарды ресімдеуге және растауға әсер ететін күнтізбелік 7 (жеті) күннен астам уақыт ішінде жүйелі - күнделікті үздіксіз техникалық іркілістер;

4) ақпараттық қауіпсіздікке байланысты инциденттер туындаған кезде, мұндай инциденттердің пайда болу себептері жойылғанға дейін өшіріледі.

48. ЭСА-ның ЭД-нің өнімді ортасынан өшіру туралы шешімді Бірыңғай оператор осы Регламенттің 47-тармағында санамаланған жағдайлар анықталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

49. ЭСА ЭД-нің өнімді ортасынан өшірілген жағдайда, өшіру уақыты мен күні туралы ақпарат уәкілетті ЭСА тізіміне енгізіледі, Бірыңғай оператор веб-порталда жариялайды, ЭСА меншік иесінің атына жіберіледі.

8. Сауда алаңының домендік атауының және/немесе ЭСА меншік иесінің өзгеруі

50. ЭСА меншік иесі ауысқан жағдайда, сауда алаңына меншік құқығы берілген тұлға осындай құқық берілген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Бірыңғай операторға ЭСА меншік иесін өзгерту туралы өтініш береді.

51. ЭСА меншік иесін өзгерту туралы өтінішке қол қойылады:

- егер меншік иесі заңды тұлға болып табылса, заңды тұлғаның басшысы болып табылады;

- егер меншік иесі жеке тұлға болса, меншік иесінің өзі болып табылады.

Өтінішке сауда алаңының меншік құқығының ауысқанын растайтын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттар қоса беріледі. Өтінішті Бірыңғай оператор тіркейді және веб-порталда жариялайды.

52. ЭСА меншік иесінің өзгергені туралы өтінішті алған жағдайда, Бірыңғай оператор сауда алаңының ақпараттық жүйесінің архитектурасы мен функционалдық сипаттамалары сақталған жағдайда сауда алаңын сынауды қайта жүргізбейді. Бұл ретте ЭСА иесі 5 (бес) жұмыс күні ішінде барлық Талаптарға сәйкестігі туралы құжаттаманың толық жиынтығын (Талаптардың 2-қосымшада көрсетілген 6-тармақты қоспағанда, құжаттар) ұсынуға тиіс.

53. ЭСА меншік иесі ауысқан жағдайда, Комиссия ұсынылған құжаттар жиынтығын қарайды және оң шешім қабылданған жағдайда өтінішті алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті ЭСА тізіміне тиісті өзгерістер енгізеді және осындай ақпаратты веб-порталда жариялайды.

54. Қазақстан Республикасының резиденті ғана ЭСА-ның меншік иесі, оның құрылтайшысы (қатысушысы), оның ішінде тікелей немесе жанама құрылтайшысы (қатысушысы) немесе бенефициарлық меншік иесі бола алады.

ЭСА меншік құқығы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын тұлғаға берілген жағдайда ЭСА осы Регламенттің 47-тармағына сәйкес ЭД-нің өнімді ортасынан ажыратылады.

Өтінім болған жағдайда (ЭД өнімді ортасына қосылуға) меншік иесі мемлекеттік кәсіпорын, мемлекеттік мекеме, заңды тұлға болып табылатын ЭСА-дан берілген дауыс беретін акциялардың елу және одан да көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлестерін), сондай-ақ олармен үлестес тұлғаларға тікелей немесе жанама тиесілі болса, онда мұндай өтінім меншік иелері жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын, өнімді ортаға қосылған кемінде екі ЭД және қолданыстағы ЭСА болған жағдайда қабылданбауға жатады.

ЭСА ЭД-ге қосылған кезде, ЭСА меншік иесі құрылтайшыларының (қатысушыларының) құрамы өзгерген жағдайда не Талаптардың 6-тарауының 28-тармағына сәйкес сұрау салу бойынша ЭСА-ға ЭСА меншік иесі, құрылтайшысы (қатысушысы), тікелей немесе жанама құрылтайшысы (қатысушысы) немесе бенефициарлық меншік иесі туралы ақпарат беріледі.

55. Сауда алаңының домендік атауы өзгерген жағдайда, ЭСА меншік иесі жаңа домендік атау тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Бірыңғай оператордың атына сауда алаңының домендік атауын өзгерту туралы өтініш береді.

56. Сауда алаңының домендік атауын өзгерту туралы өтінішке ЭСА иесі қол қояды.

57. Сауда алаңының домендік атауын өзгерту туралы өтініш тіркеледі және веб-порталда жарияланады.

58. Сауда алаңының домендік атауын өзгерту туралы өтінішті алған жағдайда, ЭСА-ны қайта сынауды бірыңғай оператор жүргізбейді.

59. Сауда алаңының домендік атауын өзгертуді Бірыңғай оператор уәкілетті ЭСА тізіміне енгізеді.

9. Сауда алаңының меншік иесінің атауын және/немесе сауда алаңының атауының өзін және/немесе орналасқан жерін өзгерту

60. ЭСА меншік иесінің атауы және/немесе орналасқан жері және/немесе сауда алаңының атауы өзгерген жағдайда, ЭСА меншік иесі өзгерістер енгізілген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Бірыңғай операторға хабарлайды.

61. ЭСА меншік иесінің атауын және/немесе орналасқан жерін және/немесе ЭСА атауын өзгерту туралы өтінішке ЭСА меншік иесі қол қояды. Өтінішке ЭСА меншік иесінің осындай өзгеріс жүзеге асырылатын шешімінің көшірмесі қоса беріледі.

62. ЭСА меншік иесінің атауын және/немесе орналасқан жерін және/немесе сауда алаңының атауын өзгерту туралы өтінішті алған жағдайда, ЭСА сынағы қайта жүргізілмейді.


ЭСА меншік иесінің атауы және/немесе орналасқан жері және/немесе сауда алаңының өзі өзгерген жағдайда Бірыңғай оператор уәкілетті ЭҮТ тізіміне өзгерістер енгізеді.

Электрондық сауда алаңдарының жұмыс істеуі және олардың электрондық дүкенмен өзара іс-қимылы регламентінің 1- қосымшасы

Қолданыстағы қызметтер тізімі

1. Электрондық сауда алаңы келесі деректерді алу үшін электрондық дүкенмен біріктіріледі:

№	Сервистің атауы
1	мемлекеттік сатып алуға тіркелген қатысушылар бойынша;
2	мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар бойынша;
3	- анықтамалық деректер бойынша: - ТЖҚ БНА коды; - Ұлттық алып қою тізбесіне кіретін ТЖҚ БНА кодтардың тізімі; - Тапсырыстарды қабылдамау себептерінің тізбесі; - Тапсырыстар үшін қосымша қызметтер тізімі; Тапсырыстарды рәсімдеуге арналған Көше түрі; - ЭАОЖ анықтамалығы
4	мемлекеттік сатып алу жоспарлары бойынша;
5	электрондық дүкенде болған хабарламалар бойынша;
6	электрондық дүкенде тіркелген тапсырыстар мен алдын ала тапсырыстар бойынша;
7	тапсырыстар бойынша алдын ала қорытындылар хаттамалары бойынша;
8	тапсырыстар бойынша қорытындылар хаттамалары бойынша;
9	электрондық дүкен арқылы тәсілмен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың мәртебесі бойынша;
10	ТҮК тауарлары бойынша дистрибьюторлар мен дилерлердің тізімі бойынша;
11	белгілі бір сауда алаңдарына бекітілген элеуетті өнім берушілер бойынша;



12	алдын ала тапсырыстарда берілген баға ұсыныстары бойынша.
13	ТҰК тауарлары бойынша бағалардың дерекқоры негізінде ЭД есептейтін медиандық бағалар мен жол берілетін шекті бағалар бойынша.

2. Электрондық сауда алаңы келесі деректерді беру үшін электрондық дүкенмен біріктіріледі:

№	Сервистің атауы
1	электрондық сауда алаңына бекіту мақсатында тіркелген әлеуетті өнім беруші туралы ақпарат;
2	ресімделген тапсырыстар туралы;
3	ресімделген тапсырысқа немесе алдын ала тапсырысқа әлеуетті өнім берушілердің барлық баға ұсыныстары туралы;
4	әлеуетті өнім берушінің тапсырысты растауы және (немесе) қабылдамауы туралы;
5	тауарлардың ұлттық каталогының дистрибьюторлары немесе дилерлері туралы ақпарат.


3. Электрондық сауда алаңы келесі мәліметтерді алу үшін тауарлардың электрондық каталогымен біріктіріледі:

№	Сервистің атауы
1	тауарлардың электрондық каталогының құрылымы бойынша (барлық деңгейлер);
2	барлық сипаттамалары бар тауарлардың электрондық каталогының тауарлары бойынша;
3	әр 24 сағат сайын тауарлардың электрондық каталогынан тауарларды жаңарту.

4. Электрондық сауда алаңы келесі мәліметтерді жіберу үшін бағалардың дерекқоры біріктіріледі:

№	Сервистің атауы

1	Баға дерекқоры тарапынан ұсынылған сұрау салу үлгісіне сәйкес ТҰК тауарларына ЭСА-да жарияланған өнім берушілердің бағалары бойынша.
---	--



*Деректерді электрондық дүкенмен
біріктіруді қамтамасыз ету үшін
электрондық сауда алаңдарына
қойылатын талаптар
8-қосымшасы*

Электрондық дүкенді пайдалану шарттарын сақтау туралы мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор мен электрондық сауда алаңының меншік иесі арасындағы келісім

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы - Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор атынан _____ (лауазымы, Т.А.Ә.) негізінде әрекет ететін (бұдан әрі - Бірыңғай оператор деп аталатын), бір жағынан, _____ (электрондық сауда-саттық алаңының меншік иесінің атауы) атынан _____ (жетекшісінің лауазымы, Т.А.Ә.) негізінде әрекет ететін (бұдан әрі - Сауда алаңының меншік иесі деп аталатын) екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатын немесе жоғарыда көрсетілгендей, Мемлекеттік сатып алу саласындағы Бірыңғай оператор мен электрондық сауда алаңының меншік иесі арасында электрондық дүкенді пайдалану шарттарын сақтау туралы осы Келісімді (бұдан әрі - Келісім) төмендегілер туралы жасасты:.

1. Келісімде пайдаланылатын анықтамалар мен қысқартулар

1. Осы Келісімде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – Бірыңғай оператор) – мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган айқындаған, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалғыз меншік иесі мемлекет болып табылатын заңды тұлға («Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы);

2) бірыңғай сатып алу платформасы (бұдан әрі – веб-портал) – мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесі, ол мемлекеттік сатып алудың және «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынады;

3) тапсырыс берушілер – мүліктік кешендер ретіндегі мемлекеттік кәсіпорындарды, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес, кейіннен сатып алу құқығымен жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сенімгерлік басқаруға берілген заңды тұлғаларды қоспағанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;

4) веб-порталдың қатысушысы – «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағы 3), 6), 22), 23) және 25) тармақшаларына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі өнім берушілерді қоспағанда, веб-порталда тіркеуден өткен тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы, әлеуетті өнім беруші, өнім беруші;

5) сауда алаңын пайдаланушы – электрондық сауда алаңында тіркеуден өткен тапсырыс берушінің немесе мемлекеттік сатып алудың әлеуетті өнім берушісінің өкілі;

6) жеке кабинет – мемлекеттік сатып алу рәсімдерін, сатып алуға қатысу, сондай-ақ электрондық дүкенде орналастырылған автоматтық хабарламалар мен ақпаратты алуға арналған, электрондық сауда алаңында тіркелген пайдаланушының автоматтандырылған жұмыс орны;

7) мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – мемлекеттік сатып алу саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

8) электрондық сауда алаңы – уәкілетті органмен келісім бойынша бірыңғай оператор айқындайтын талаптарға сәйкес келетін, сатып алуға қатысушыларға электрондық дүкен арқылы веб-порталдың қызметтеріне қолжетімділік ұсынатын мемлекеттік емес ақпараттық жүйе;

9) сауда алаңының меншік иесі – Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шекте және тәртіппен сауда алаңын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығына ие жеке және заңды тұлға;

10) электрондық дүкен – бірыңғай оператор уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайтын талаптарға сәйкес келетін электрондық сауда алаңдарында орналасқан деректерді агрегациялауды қамтамасыз ететін веб-порталдың кіші жүйесі.

2. Жалпы талаптар

2. Бірыңғай оператор сауда алаңдарына осы Келісімде және электрондық дүкен деректерінің бірігуін қамтамасыз ету үшін электрондық сауда алаңдарына қойылатын талаптар (бұдан әрі-талаптар) жазылған шарттар сақталған жағдайда веб-порталдың электрондық дүкеніне қолжетімділік береді.

3. Сауда алаңының меншік иесі Келісімнің 5-тармағында көзделген тәртіпте оның шарттарымен келіскен сәттен бастап Келісім күшіне енеді. Электрондық дүкеннің сауда алаңдарын қосу және одан әрі пайдалану осы Келісіммен, Электрондық сауда алаңдарының және олардың электрондық дүкенмен өзара іс-қимылымен жұмыс істеу талаптары мен регламентімен (бұдан әрі-Регламент) реттеледі.

4. Бірыңғай оператор өзгерістер енгізілген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, қосылған ЭСА хабарлай отырып, https://goszakup.gov.kz/.../Соглашение_с_ЭТП.pdf мекенжайы бойынша веб-порталда Келісімнің жаңа редакциясын орналастыру арқылы қажеттілігіне қарай осы Келісімге өзгерістер енгізуге құқылы. Егер Келісімнің жаңа редакциясында өзгеше көзделмесе, Келісімнің жаңа редакциясы осы тармақта көрсетілген

мекенжай бойынша интернет желісінде орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді.

Сауда алаңының меншік иесі Келісімнің қолданыстағы редакциясымен танысқаны үшін жауапкершілік олардың жауапкершілігі болып табылатынын қабылдайды және келіседі. Электрондық дүкеннің сауда алаңдарының өзгерістердің күшіне енуі үшін осы тармақта белгіленген мерзім өткеннен кейін кез келген нысанда және кез келген көріністе пайдалануы Келісімнің жаңа редакциясымен келісетінімен бірдей. Келісімнің қолданыстағы редакциясы әрқашан мына бетте болады: https://goszakur.gov.kz/.../Соглашение_с_ЭТП.pdf.

5. ЭСА электрондық дүкенді пайдалануы процесінде ЭСА электрондық дүкенге бастапқы қосылған кезде «Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор мен электрондық сауда алаңының меншік иесі арасындағы электрондық дүкенді пайдалану шарттарын сақтау туралы келісіммен таныстым» бағанына белгі қойғаннан кейін Келісімнің шарттарын ешқандай ескертпесіз және алып тастаусыз толық көлемде қабылдаған болып есептеледі.

6. Сауда алаңының меншік иесі Келісімнің қандай да бір ережелерімен келіспеген жағдайда, ЭСА электрондық дүкенге қосылуға құқылы емес. Егер бірыңғай оператор Келісімнің 4-тармағында көзделген тәртіпте Келісімге сауда алаңының меншік иесі келіспейтін қандай да бір өзгерістер енгізген жағдайда, сауда алаңының меншік иесі уәкілетті органға бұл талаптар бойынша шағымдануға құқылы.

3. Электрондық дүкенді пайдалану шарттары

7. Сауда алаңының меншік иесі үшінші тұлғалардың алдында электрондық дүкенді пайдалануға байланысты өз әрекеттері үшін, оның ішінде, егер мұндай әрекеттер веб-портал қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға әкеп соғатын болса, сондай-ақ электрондық дүкенді пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау үшін дербес жауапты болады.

8. Сауда алаңының меншік иесі сауда алаңының жеке кабинетіне және функционалына қолжетімділік бере отырып, веб-портал қатысушыларына техникалық және ақпараттық қолдау көрсетуге міндеттенеді.

9. Сауда алаңының меншік иесі мемлекеттік сатып алу рәсімдерінде адал бәсекелестікті қамтамасыз етуге міндеттенеді, веб-порталға қатысушыларға ескертулер жасауға, осы Келісімді сақтамағаны туралы оларға ескерту жасауға, еске салуға, хабарландыруға, ақпараттандыруға, соңғы шара ретінде шотты бұғаттауға міндеттенеді.

10. ЭСА электрондық дүкен пайдаланылған кезде:

1) үшінші тұлғалардың дербес деректерін рұқсатсыз жинауға, өндеуге және таратуға құқылы емес. Кез келген ақпарат дербес деректер субъектісінің (сауда алаңын пайдаланушылардың) олардың мәліметтерін пайдалану және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үшінші тұлғаларға (веб-порталға, басқа ЭСА және т.б.) тарату туралы келісімімен алынуы тиіс;

2) ЭСА-дан автоматты түрде жасалған авторландырылмаған деректерді (мысалы, «спам») электрондық дүкенге жіберуге жол беруге;

3) тапсырыс берушілерден комиссия және өзге де төлемдер алуға;

4) ЭСА-дан электрондық дүкенге мәліметтерді бергені үшін Бірыңғай оператордан ақы алуға құқылы емес.

11. Бірыңғай оператор веб-портал қатысушылары мен ЭСА арасында ұсынылатын/жасалатын мәмілеге қатысты мәмілені ұйымдастырушы, сатып алушы, сатушы және/немесе өзге де мүдделі тұлға болып табылмайды. Бірыңғай оператор веб-портал қатысушылары мен ЭСА арасында жасалатын мәмілелерден туындайтын міндеттемелер бойынша жауапты болмайды.

12. ЭСА меншік иесі сауда алаңында мынадай сипаттағы кез келген материалдарды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын, басқа адамдардың беделін түсіретін қатерлер мен қорлауды қамтитын, азаматтардың жеке өмірге немесе жария тәртіпке құқықтарын бұзатын, әдепсіздік сипатындағы материалдарды;

2) басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін, құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қандай да бір дәрежеде бұзатын;

3) діни, нәсілдік немесе ұлтаралық араздықты қоздыруға ықпал ететін немесе қамтитын, араздықты қоздыру әрекетіне немесе зорлық-зомбылыққа бағытталған материалдарды;

4) спам, вирустық материалдарды, сондай-ақ басқа адамдарды қылмыстық, азаматтық-құқықтық және өзге де жауаптылыққа әкелетін немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін қандай да бір түрде бұзатын құқыққа қарсы мінез-құлққа итермелейтін өзге де материалдарды орналастырмауға және оларды сауда алаңы арқылы қандай да бір жерге жібермеуге міндеттенеді.

13. Бірыңғай оператор ЭСА мен веб-портал қатысушылары арасындағы есеп айырысудың делдалы немесе ұйымдастырушысы болып табылмайды. Электрондық дүкенде ақпаратты орналастырудың арқасында ЭСА мен веб-портал қатысушылары арасында жасалған мәмілелер бойынша барлық есеп айырысулар Бірыңғай оператордың тікелей немесе жанама қатысуынсыз жүзеге асырылады.

14. Бірыңғай оператор ЭСА мен веб-портал қатысушылары арасында жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысудан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапты болмайды.

15. Электрондық сауда алаңының Талаптарға сәйкестігіне сынақтардан өту нәтижелері бойынша ЭСА электрондық дүкенге қолмен енгізу режимінде қосылады. Электрондық дүкенге қосылу шарты сауда алаңының меншік иесінің осы Келісіммен келісуі болып табылады.

4. Келісімнің қолданыс мерзімі және тоқтатылуы

16. Келісім сауда алаңының меншік иесі Келісімнің талаптарын қабылдаған сәттен бастап күшіне енеді және ЭСА электрондық дүкеннен ажыратылған жағдайда өз қолданысын тоқтатады.

17. ЭСА электрондық дүкеннен сауда алаңының меншік иесінің бастамасы бойынша, талаптар мен Регламенттің бұзылуы болған кезде Бірыңғай

оператордың бастамасы бойынша, екі тараптың келісімі бойынша не соттың шешімі бойынша ажыратылуы мүмкін.

5. Қорытынды ережелер

18. Осы Келісім бойынша құқықтық қатынастардан туындайтын барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Егер тараптар туындаған даулар бойынша келіссөздер барысында шешімге келмеген жағдайда, мұндай даулар талап қою тәртібін міндетті түрде сақтай отырып, Бірыңғай оператордың («Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының) орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының тиісті сотына қарауға берілуі тиіс. Талап қоюға жауап беру мерзімі шағым түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

19. Бірыңғай оператор мемлекеттік билік органдарының әрекеттері, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, басқа да апаттық жағдайлар, электр энергиясының, интернеттің болмауы және/немесе компьютерлік желі жұмысының істен шығуы (байланыс желілері жұмысының бұзылуы, жабдықтардың ақаулығы және т.б.), көтеріліс, азаматтық толқу, тәртіпсіздіктерді қоса алғанда, аталған жағдайлармен шектелмей, Бірыңғай оператордың осы Келісімнің талаптарын орындауына әсер етуі мүмкін және Бірыңғай оператордың бақылауынан тыс кез келген өзге мән-жайлар сияқты еңсерілмейтін күш жағдайларының (форс-мажор) салдарынан осы Келісімнің талаптарын бұзғаны үшін жауап бермейді.

20. Бірыңғай оператор Келісім бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, сондай-ақ ЭСА ықтимал шығындары үшін, оның ішінде:

1) үшінші тұлғалардың электрондық дүкеннің және/немесе веб-порталдың ақпараттық қауіпсіздігін немесе қалыпты жұмыс істеуін бұзуға бағытталған заңсыз әрекеттері;

2) ЭСА серверлері мен Бірыңғай оператордың серверлік инфрақұрылымы арасында интернет-байланыстардың болмауы (орнатудың, тоқтатудың мүмкін болмауы және т.б.);

3) мемлекеттік органдардың жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуі;

4) үшінші тұлғалардың Келісімді жасасу сәтінде болған, интернет желісін және/немесе компьютерлік жабдықты пайдалана отырып, жалпы жағдайды нашарлатуға бағытталған әрекеттеріне/әрекетсіздігіне байланысты басқа да жағдайлар;

5) Бірыңғай оператордың веб-порталда жоспарлы-профилактикалық жұмыстарды орындауы нәтижесінде туындаған шығындар үшін жауап бермейді.

21. Осы Келісімде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуі тиіс. Осы Келісіммен реттелетін қатынастардан туындайтын барлық ықтимал даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте шешіледі.

22. Егер қандай да бір себептермен осы Келісімнің бір немесе бірнеше ережелері жарамсыз немесе заңды күші жоқ деп танылса, бұл Келісімнің қалған ережелерінің жарамдылығына немесе қолданылуына әсер етпейді.

6. Тараптардың деректемелері мен қолдары



<p>Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор</p> <p>«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы</p>	<p>Электрондық сауда алаңының меншік несі</p> <p>_____</p>
<p>Мекенжайы: БСН Банк БСК ЖСК E-mail: Телефоны</p>	<p>Мекенжайы: БСН Банк БСК ЖСК E-mail: Телефоны</p>
<p>Лауазымы</p> <p>_____ / Т.А.Ә.</p>	<p>Лауазымы</p> <p>_____ / Т.А.Ә.</p>

